Алатау

Қоғамдық-саяси газет / Общественно-политическая газета

Газет 2000 жылдан шыға бастады

№ 9 (1064)

11.03.2022

alatau_offset@mail.ru
alatau.aqparat
alatau_gazeti

ЦИФРЛАНДЫРУ

БІЛІМ БЕРУДЕГІ ЖАҢА БАҒЫТ

ЕЛІМІЗДІҢ БІЛІМ САЛАСЫНДА USTUDY БРЕНДІМЕН АВТОМАТТАНДЫРЫЛҒАН ТЕСТІЛЕУ БОЙЫНША ЖҰМЫС ЖҮРГІЗІП КЕЛЕТІН «U-FUTURE» ЖШС БАС ДИРЕКТОРЫ ОЛЖАС ҚҰСПЕКОВ ОБЛЫСТЫҢ БІЛІМ САЛАСЫНА БІРНЕШЕ КЕЗЕҢНЕН ТҰРАТЫН КЕШЕНДІ ДАМЫТУ БАҒДАРЛАМАСЫН ЕНГІЗУГЕ ҰСЫНЫС БІЛДІРГЕН.

Аталмыш жоба оқушылардың білім сапасын айқындау, педагогтардың біліктілігін арттыру, әр мектептің өз даму жол картасын әзірлеу сияқты көптеген мәселені қамтиды. Бұл жайында Алматы облысының әкімі Қанат Бозымбаевтың қатысуымен өткен цифрландыру бағытында жұмыс істейтін бірқатар компания өкілдерінің жиынында сөз болды.

Сол сияқты аталмыш жиында білім беру мекемелеріндегі қауіпсіздікті қамтамасыз етуге арналған жүйе жайлы «Biometric Solutions» ЖШС бас директоры Әлібек Наримбаев таныстырды. Бұл жүйе ғимаратқа келіп кетушілердің балаларға қауіпсіздігін айқындау үшін ІІМ-нің базасымен тікелей байланыста болады. Сол сияқты маска тағу режимін, ғимаратқа «Ашық» арқылы кіруді де қадағалайтын функциясы бар.

Осы орайда, мекемесінің мемлекеттік органдар жұмысын автоматтандыру, соның ішінде құжат айналымын электронды форматқа көшіру бағытында жұмыс істейтінін атап өткен «Lean Solutions» ЖСШ директоры Арман Оспанов өз сөзінде бірнеше мемлекеттік органда пилоттық жоба ретінде іске қосылған жоба басшылық тапсырмасының мерзімінде орындалуына, есеп дайындауға және хаттамаларды бекітуге кететін уақытты қысқартуға оң әсерін тигізетінін атап өтті.

Сонымен қатар жиында АлматыГидроГеология» ЖШС өкілі Айгүл Әуелбекова да өз ұсынысын баян етті. Жер асты суларын іздестіру-барлау, ұңғыма бұрғылау, су шаруашылығының басқа да бағыттағы жұмыстарымен айналысатын мекеме Талдықорған қаласында «жасыл аймақ» жасауға ниет білдіріп, суармалы емес жер учаскелерін суландыру бойынша да тәжірибелерін ұсына алатынын айтты.

Барлық ұсынысты мұқият тыңдаған облыс әкімі Қ.Бозымбаев аталған жобаларға қатысты тиісті басқарма басшыларының ой-пікірлерін сұрады. Цифрландыру бағытындағы презентация жасалған жобалардың тиімділігін жан-жақты қарастыру үшін арнайы жұмыс тобын құруды орынбасары Жеңіс Тұяқовқа тапсырды. Ендігіде барлық жобаның артықкем тұстары мен тиісті салаларды дамытуға қаншалықты пайдалы болатынын осы жұмыс тобы сараптамақ.

«АЛАТАУ-АҚПАРАТ»

АҢДАТПА

АРМИЯ РК — 3 стр.

ВЕСЕННИЙ ПРИЗЫВ НА СРОЧНУЮ ВОИНСКУЮ СЛУЖБУ

ӘЛЕУМЕТ — 4-бет

12 ТАЛДЫҚОРҒАНДЫҚ БАСПАНАЛЫ БОЛДЫ

ҒИБРАТТЫ ҒҰМЫР — 5-бет

АҚ БАТА ШАПАҒАТЫ

ТАҒЗЫМ — 8-9-бет

ӨМІРДЕ ӨНЕГЕЛІ ІЗІ ҚАЛҒАН

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ВАКЦИНА

1 МЛН-НАН АСТАМ АДАМ ЕКПЕ АЛДЫ

Облыста алгоритмге сәйкес халықты вакцинациялау бойынша жұмыстар белсенді жүргізілуде.

Бүгінде облыста І компонентпен 1 006 512 мың адам немесе 83,9%-ы егілді. ІІ компонентпен 910 610 мың адам немесе 75,9% егілді. Балқаш (101%), Ақсу (102%), Қарасай (100%) аудандарында және Текелі (102%), Қапшағай қалаларында (100%) бірінші компонентпен егу жұмыстары аяқталды.

Облыста Комирнати вакцинасының бірінші компонентін 115 031 адам алды, оның ішінде 12-ден 17 жасқа дейінгі 95 062 жасөспірім, лактация кезінде 15 759, жүктілік кезінде 4165 әйел адам бар. Вакцинаның екінші компонентін 80 555 адам алды. Олардың ішінде 66 409 жасөспірім, лактация кезінде 110 96 және жүктілік кезінде 3050 әйел бар.

Сондай-ақ, 233 187 адам ревакцинация курсынан өтті, оның ішінде 222 757 адам синофарм және казвак вакциналарын алды, 10 430 адам Комирнати вакцинасын салдыртты.

«АЛАТАУ-АҚПАРАТ»

ЗАҢ АЯСЫНДА

НЕКЕНІ БҰЗУ

Көксу аудандық сотында қаралып жатқан азаматтық істердің шамаммен үштен бірі отбасы қатынастарынан туындайтын даулар, оның көбін некені бұзу туралы істер құрайды.

Осы орайда айтпағым: некені бұзу туралы талаппен сотқа жүгінбес бұрын тараптар нені ескеру қажет? Заңнамаға сай, неке екі түрлі тәртіппен бұзылады. Біріншісі тіркеуші органдарда, екіншісі сотта. Алайда азаматтар некені тіркеуші органда бұзу мүмкіндіктері бола тұра сотқа жүгініп жатыр. Соның себебінен сотта даусыз істердің саны артуда. Сондықтан осы тіркеуші органда некені бұзу тәртібіне кеңінен тоқталамын.

Тіркеуші орган дегеніміз – азаматтық хал актілерін мемлекеттік тіркеуді жүзеге асыратын жергілікті атқарушы орган. Тіркеуші органда неке төмендегі негіздер болғанда бұзылады: кәмелетке толмаған ортақ балалары жоқ ерлі-зайыптылардың некені бұзуға өзара келісімі кезінде және бір-біріне мүліктік және өзге де талаптары болмаған кезде бұзылады. Сондай-ақ, заңнамада кәмелетке толмаған ортақ балалары болса да тіркеуші органда неке бұзылатын негіздер де көзделген: егер ерлі-зайыптылардың біреуін сот хабар-ошарсыз кеткен деп таныса; әрекетке қабілетсіз деп таныса; әрекет қабілеті шектеулі деп таныса; қылмыс жасағаны үшін кемінде үш жыл мерзімге бас бостандығынан айыруға соттаса, неке ерлі-зайыптылардың біреуінің өтініші бойынша тіркеуші органдарда бұзылады.

Тіркеуші органда некені бұзу туралы өтініштір бойынша төмендегі көлемде мемлекеттік баж алынады: кәмелетке толмаған балалары жоқ ерлі-зайыптылардың өзара келісімі бойынша өтініштер бойынша – 2 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде (3063 х 2) 6126 теңге, соттың шешімі негізінде хабар-ошарсыз кетті деп танылған, әрекетке қабілетсіз немесе қылмыс жасағаны үшін кемінде үш жыл мерзімге бас бостандығынан айыруға сотталған адамдардың жұбайларынан – 0,1 АЕК (3063 х 0,1) 306 теңге.

Ары қарай тіркеуші органда некені бұзу рәсімдеріне келсек: ерлі-зайыптылар кез келген тіркеуші органға бірлесіп жазбаша нысанда не портал арқылы электрондық түрде некені бұзу туралы өтініш бере алады, содан тіркеуші орган өтініш берген жағдайда оны қабылдап, оларға бір ай мерзім тағайындап, күнін белгілеп, осы мерзім өткен соң белгіленген күні некені бұзушылардың өздері, яғни, екеуі де қатысқан кезде некені бұзуды мемлекеттік тіркейді. Бұл ретте некені бұзушылардың біреуі мемлекеттік тіркеу үшін тіркеуші органға келе алмаса, некені бұзу жүргізілмейді. Бірақ ерлі-зайыптылардың бірі некені бұзу туралы өтінішті тіркеуші органға қайтадан беруге мүмкіндігі бар, содан оларға қайтадан айлық мерзім тағайындалады, олар қайта бергеннен кейін тіркеу үшін тіркеуші органға қайтадан келе алмаса, келе алмаған тараптың нотариатта куәландырылған келісімі болған кезде неке бұзылады. Бұл жағдайлар, ортақ балалары жоқ және бір-біріне мүліктік және өзге де талаптар қоймайтын ерлі-зайыптылардың некені бұзуға өзара келісімі болғанда ғана жүргізіледі. Егер ерлі-зайыптылардың біреуі өзінің әрекеттерімен не әрекетсіздігімен тіркеуші органдарда некені бұзудан жалтарса (тиісті өтініш беруден бас тартса немесе оны тіркеуші органға некені бұзуды тіркеу үшін келгісі келмесе және некені бұзуды тіркеу туралы өтініш жасамаса, сондай-ақ ол арыз берілгеннен кейін бір ай өткен соң тіркеуші органға қайта келмесе) некені бұзу сот тәртібімен жүргізіледі. Бір-біріне мүліктік және өзге де талаптар қоймайтын және кәмелетке толмаған ортақ балалары жоқ ерлі-зайыптылардың некені бұзу туралы талап қою арызымен сотқа жүгінуі үшін жауапкердің тіркеуші органда некені бұзудан бас тартқанын не оның некені бұзудан жалтарғанын растайтын дәлелдемелерді ұсынуы қажет.

Тіркеуші органда некені бұзуға жауапкердің келісімінің жоқтығын растау үшін жұбайының некені бұзу туралы арызбен тіркеуші органға жүгінгені жөніндегі құжаттар және жауапкердің некені бұзуға келісімінің жоқтығы туралы жазбаша арызы ұсынылады. Мұндай дәлелдемелерге тіркеуші органның ерлі-зайыптылардан некені бұзуға арыздың болмағаны не арыз берілгеннен кейін бір ай өткен соң некені бұзу үшін оның қайтадан келмегені туралы мәліметтері жатады. Оның ішінде: пошталық хат-хабарды алу туралы хабарлама, электрондық пошта мекенжайына, ұялы байланыстың абоненттік нөміріне немесе талап қоюшының жауапкерге жасаған өтінішін тіркеуді қамтамасыз ететін және талап қоюшының некені бұзу туралы ұсынысы жөнінде жауапкердің хабардар болуын куәландыратын өзге де электрондық байланыс құралдарына жіберілген хабарламалар талап қоюшының жауапкерге некені соттан тыс тәртіппен бұзуға өтініш жасағанына дәлелдемелер болып табылады. Мысалы, талап қоюшының медиаторға жүгінуі және жауапкердің татуласу рәсімдерін өткізуге келмеуі, ал электрондық үкімет порталына жүгінген кезде – талап қоюшының некені бұзу туралы арызды беруі туралы мәліметтер және екінші жұбайының өтінімге қол қоюдан бас тартуы. Аталған дәлелдемелерді ұсыну талап қоюшының міндеті болып табылады. Мұндай дәлелдемелер болмаған жағдайда осы санаттағы істер үшін заңда белгіленген дауды реттеудің соттан тыс тәртібінің сақталмауына байланысты некені бұзу туралы арыз қайтарылады. Екінші, неке сотта бұзылатын негіздер: жоғарыда көзделген мәнжайларды қоспағанда, ерлі-зайыптылардың кәмелетке толмаған ортақ балалары болған кезде; ерлі-зайыптылардың біреуінің некені бұзуға келісімі болмаған кезде; егер ерлі-зайыптылардың біреуі өзінің қарсылығы болмауына қарамастан, өз іс-әрекеттерімен не әрекетсіздігімен некені бұзудан жалтарған кезде және ерлі-зайыптылардың бір-біріне мүліктік және өзге де талаптары болған жағдайларда, неке сот тәртібімен бұзылады.

Сөз соңында айтарым, некені бұзудың тәртібін білген жақсы, бірақ отбасын сақтау одан да жақсы. Ресми мәліметке қарағанда елімізде жылына тіркелген некенің үштен бірі бұзылуда. Яғни, некенің құндылықтары әлі де тапталуда. Дауласпайық, дауласқан жағдайда бітіммен аяқтау жолдарын қарастырайық.

Ата-бабаларымыздың «жеті рет өлшеп, бір рет кес» деген ұғымын некеге отыру кезінде кеңінен қолдану қажет деп ойлаймын.

**Гауһар ТЫНЫСБЕКОВА,
Көксу аудандық
сотының төрағасы.**

БІЛІМ

МҰҒАЛІМ – БІЛІМДІЛІК ПЕН БІЛІКТІЛІК ШЕБЕРЛІГІ АРТҚАН, ЖАҢАШЫЛ ИДЕЯЛАРҒА БАСТАМАШЫЛ, САНДЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ МЕҢГЕРГЕН КӨШБАСШЫ БОЛУҒА ТИІС.

ЖАҢА ЗАМАНҒА – ЖАҢАШЫЛ ПЕДАГОГ

Жас ұрпақтың саналы да сапалы білім алуының бірден-бір шарты сөзсіз ұстаздың жаңашыл болуы. Себебі, еліміздің болашағы бүгінгі жас ұрпақтың білім деңгейімен өлшенеді. Сондықтан сабақты жаңаша құрып, инновациялық түрлі тәсілдерді, педагогикалық білімдерді жетілдіре отырып, оны дер кезінде қабылдап, өңдеп, нәтижелі пайдалана білу әрбір ұстаздың міндеті болуы керек.

Жаңаша оқыту – заман талабы. Оқыту үрдісінде өзгеріс енбейінше, нәтиже болмайтынын өмір көрсетіп отыр. Сол себепті әрбір сабақты жаңаша әдістермен оқушының санасына ұялайтындай етіп өткізуіміз керек. Өскелең ұрпақты оқыту міндеттеріне байланысты мұғалім ерекше әдістемелік құралдарды игерген, түпкілікті психологиялық-педагогтік дайындығы бар мұғалім болуы шарт. Әрбір мұғалім өзінің жеке қасиеттеріне жауап беретін өзінің әдістемесін табуы тиіс. Сондықтан барлық мұғалім түрлі педагогикалық курстардан өтіп, жаңа технологияны меңгеруі тиіс. Осы орайда Алматы қаласында «Білім беру мазмұнын жаңарту жағдайында тарих пәні мұғалімдерінің талдау және зерттеушілік дағдыларын дамыту» атауымен тарих пәні мұғалімдерінің біліктіліктілігін артыру курсы өтті. Оған Алматы облысының әрбір ауданынан барған тарих пәнінің ұстаздары күндізгі оқу курсында заманауи білім беруді дамытудың нормативтік және психологиялық-педагогикалық аспектілері, білім беру сапасын арттыру ахуалында оқыту, дамыту және тәрбиелеу мазмұны мен әдістерін жетілдіріп, педагогтердің ІТ-құзыреттілігін және цифрлық сауаттылығын дамыту сынды тақырыптар негізінде білім мен біліктіліктерін жетілдірді.

«ӨРЛЕУ» БАҰО» АҚ филиалы Алматы облысы бойынша педагог қызметкерлердің біліктілігін арттыру институты, «Жаратылыстану және гуманитарлық пәндерді оқыту әдістемесі» кафедрасының аға оқытушысы, кафедра меңгерушісі қ.а. Масимова Хуршидам Ташболатқызына айрықша алғысымызды білдіргіміз келеді. Аталмыш курс біз үшін жемісті өтуімен бағалы болды.

**Жансерік БӨХӨН,
Сарқан ауданы білім беруді дамыту
оқу әдістемелік орталығының
тарих пәнінің әдіскері.**

МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ КОНСТИТУЦИЯСЫНЫҢ 7-БАБЫНДА «ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ – ҚАЗАҚ ТІЛІ. МЕМЛЕКЕТ ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫНЫҢ ТІЛДЕРІН ҮЙРЕНУ МЕН ДАМЫТУ ҮШІН ЖАҒДАЙ ТУҒЫЗУҒА ҚАМҚОРЛЫҚ ЖАСАЙДЫ» ДЕП БЕЛГІЛЕНГЕН.

ҮЙЛЕСІМДІ КӨЗҚАРАС ҚАЖЕТ

Сондай-ақ, 93-бабында «Конституцияның 7-бабын жүзеге асыру мақсатында Үкімет, жергілікті өкілді және атқарушы органдар, арнаулы заңға сәйкес, Қазақстан Республикасының барлық азаматтары мемлекеттік тілді еркін әрі тегін меңгеруі үшін қажетті ұйымдастырушылық, материалдық және техникалық жағдайдың бәрін жасауға міндетті» деп көрсетілген. Конституцияның бұл ережелері Қазақстан Республикасындағы тіл саясатын іске асырудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының әзірленуіне және іске асырылуына басты негіз болып табылады. Алайда, мәселені толық шешу үшін бірден барлық шараларды мемлекеттік тілге көшіре салу оңай шаруа емес. Бұл тыңғылықты даярлықты, үйлесімді көзқарасты талап етеді. Сол үшін бізде өзге ұлт өкілдеріне мемлекеттік тілді үйретуге қолайлы жағдайлар туғызылып жатыр. Бұған дәлел бәр жерлерде мемлекеттік тілді оқыту орталықтары ашылып, өз бетінше тіл үйренушілерге арналған аудио және бейнетаспалар, оқулықтар, сөздіктер шығарылуда. Мұның бәрі тіл үйренем дегендерге нақты көмек көрсету құралдары болып табылады. Бұл көрнекі құралдарда қазақ халқының салт-дәстүрлеріне байланысты да толық мағлұматтар беріліп отырады. Бір сөзбен айтқанда көзі ашық, көкірегі ояу азаматтар мемлекеттік тілді осындай қамқорлықтың арқасында тәп-тәуір меңгеріп кетеді. Бұған нақты мысалдар да аз емес. Ал сылтау іздеп, сылдыр сөзге салынып жүргендерден нәтиже шықпайтыны белгілі.

**Камилла ҚАЗИЕВА,
Талдықорған қалалық сотының басмаманы-сот отырысының хатшысы.**

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ВСТРЕЧА

ОБСУЖДЕНЫ АКТУАЛЬНЫЕ ВОПРОСЫ

По сообщению пресс-службы региональной палаты предпринимателей, Председатель Национальной комиссии по делам женщин и семейно-демографической политики при Президенте РК, депутат Мажилиса Парламента РК, руководитель Совета деловых женщин НПП РК «Атамекен» Лаззат Рамазанова в Талдыкоргане встретилась с женской общественностью региона.

На встрече приняли участие представители региональных комиссий по делам женщин и семейно-демографической политике, заместители акимов районов, члены Совета деловых женщин, представительницы общественных организаций. Обсуждены вопросы укрепления института семьи, противодействия насилия в семье и поддержки женского предпринимательства.

Модератор встречи, первый заместитель областного филиала партии «Аманат» Гульнар Тойлыбаева рассказала о принимаемых мерах в сфере поддержки семей, инициатив женщин, развития женского бизнеса.

В своем выступлении Лаззат Рамазанова подчеркнула, что от градуса настроения регионов зависит правильность принимаемых решений.

«Мы должны определить какие нам нужны центры в регионах, которые будут финансироваться из бюджета. Сфокусироваться на развитие конкретных сел, районов и городов. При реализации государственных программ и проектов мы должно обозначить и выявить возможные перекосы, сигнализировать местным исполнительным органам если эти меры неэффективны. Глава государства сказал, что необходимо уделить особое мнение эффективности реализации мер, формирования гражданского бюджета и участии в этом процессе общественности», – рассказала глава нацкомиссии.

Далее представитель структуры «ООН-женщины» в Казахстане Мария Доценко ознакомила с текущей ситуацией и проблемами в сфере гендерной политики.

По словам руководителя Совета деловых женщин Алматинской области Риммы Салыковой, более 56 тысяч субъектов бизнеса или почти 42% субъектов предпринимательства региона возглавляют женщины. Динамику роста женской предпринимательской активности отмечается и в получении бизнес-услуг.

«Самозанятые и безработные женщины активно стремятся обучиться основам бизнеса и получить гранты и микрокредиты на открытие своего дела. В ноябре прошлого года в Алматинской области открылся Центр развития женского предпринимательства, который оказывает консультацию и содействует как действующим, так и начинающим женщинам в реализации своих идей и проектов. Также на местах Совет деловых женщин ведет образовательные проекты по обучению бизнесу, новым профессиям», – сообщила Римма Салыкова.

В ходе встречи участницы также озвучили свои проблемы и предложения.

Ш. ХАМИТОВ.

АРМИЯ РК

ЧЕТВЕРТОГО МАРТА ПРЕЗИДЕНТ КАЗАХСТАНА КАСЫМ-ЖОМАРТ ТОКАЕВ ПОДПИСАЛ УКАЗ «ОБ УВОЛЬНЕНИИ В ЗАПАС ВОЕННОСЛУЖАЩИХ СРОЧНОЙ ВОИНСКОЙ СЛУЖБЫ, ВЫСЛУЖИВШИХ УСТАНОВЛЕННЫЙ СРОК ВОИНСКОЙ СЛУЖБЫ, И ОЧЕРЕДНОМ ПРИЗЫВЕ ГРАЖДАН РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН НА СРОЧНУЮ ВОИНСКУЮ СЛУЖБУ В МАРТЕ — ИЮЛЕ И СЕНТЯБРЕ — ДЕКАБРЕ 2022 ГОДА». ОБ ЭТОМ ПЕРЕДАЕТ МИА «КАЗИНФОРМ» СО ССЫЛКОЙ НА ПРЕСС-СЛУЖБУ МИНИСТЕРСТВА ОБОРОНЫ РК.

ВЕСЕННИЙ ПРИЗЫВ НА СРОЧНУЮ ВОИНСКУЮ СЛУЖБУ

Призывная кампания стартовала 1 марта и продлится до 30 июня. За четыре месяца ряды Вооруженных сил, других войск и воинских формирований пополнят около 17 тысяч новобранцев в возрасте от 18 до 27 лет.

В первую очередь комплектуются подразделения Комитета национальной безопасности, Службы государственной охраны, затем — воинские части Вооруженных сил, Министерства по чрезвычайным ситуациям и Национальной гвардии Республики Казахстан. Мероприятия призывной кампании организованы с соблюдением санитарно-эпидемиологических требований.

Будущие солдаты дважды пройдут ПЦР-исследование на COVID-19: на сборных пунктах и по прибытии в воинские части. Оповещение призывников осуществляется посредством рассылки SMS-сообщений через сервис единого контакт-центра 1414, а также персональными повестками, которые направляются на домашние и рабочие адреса. Призыв организуется и обеспечивается местными исполнительными органами. Призывные комиссии возглавляют заместители акимов областей, городов, районов.

Необходимо отметить, что с 1 марта 2021 года отсрочка или освобождение от призыва являются государственными услугами и предоставляются гражданам через портал Электронного правительства. В каждом департаменте по делам обороны функционируют проектные офисы «Қарулы Күштер — адалдық алаңы», где призывники и их родители могут получить всю необходимую информацию.

Интересующие вопросы можно также отправить на блог министра обороны, официальные аккаунты Министерства обороны в социальных сетях и электронную почту местных органов военного управления.

КРУГЛЫЙ СТОЛ

РАСШИРЯТ ИСПОЛЬЗОВАНИЕ КАЗАХСКОГО ЯЗЫКА

Казахстанские дипломаты намерены расширить использование казахского языка в своей работе. Казахстанские дипломаты намерены расширить использование казахского языка в своей работе, сообщает пресс-службу министерства иностранных дел страны.

«В министерстве иностранных дел Республики Казахстан состоялся круглый стол на тему “Место и роль государственного языка в международных отношениях”. В мероприятии приняли участие первый заместитель министра иностранных дел Шахрат Нурышев, депутат мажилиса, президент международного общества “Қазақ тілі” Берик Абдигали, руководители загранучреждений и структурных подразделений МИД РК. В ходе встречи Ш. Нурышев рассказал о работе, проводимой министерством для расширения сферы применения государственного языка, подчеркнув значительное внимание, уделяемое постоянному повышению уровня владения им сотрудниками ведомства», — сказано в сообщении.

В этой связи он отметил, что президент Касым-Жомарт Токаев предъявляет высокие требования к работникам дипломатической службы в том числе в части того, что «дипломаты, представляющие Казахстан за рубежом, должны владеть не только иностранными языками, но, прежде всего, государственным языком».

«В свою очередь, депутат Б. Абдигали рассказал об изменениях в ряд законодательных актов по сферам применения государственного языка, дал подробную информацию о работе Международного общества “Қазақ тілі” и подчеркнул открытость последнего к сотрудничеству с загранучреждениями РК. На совещании также выступили посол РК в Египте К. Лама Шариф, посол РК в Монголии Ж. Адильбаев, посол РК в ОАЭ М. Менлибеков, послы по особым поручениям МИД РК А. Елемесов и Е. Мукаш, которые представили свои предложения и рекомендации по расширению сферы применения государственного языка», — добавили в МИД.

МИНЗДРАВ РК

ВЕРНУТ ДОПЛАТЫ ЗА РАНЕЕ ПРИСВОЕННЫЕ КАТЕГОРИИ

Министр здравоохранения Республики Казахстан Ажар Гиният совместно с главами отраслевой профсоюзной организации и Нацпалатой здравоохранения подписали дополнительное соглашение к Отраслевому соглашению на 2020−2022 годы с целью обеспечения исчисления должностных окладов медицинских работников с 1 января 2022 года по 31 декабря 2022 года с учетом ранее присвоенных квалификационных категорий (высшая, первая, вторая), независимо от срока истечения действия ранее выданных свидетельств о присвоении квалификационных категорий. Об этом передает МИА «Казинформ» со ссылкой на пресс-службу Минздрава.

«Обеспечить выплату заработной платы работников в субъектах здравоохранения (за исключением медицинских и фармацевтических работников) с применением поправочных коэффициентов к их установленным размерам должностных окладов: с 1 января 2022 года в размере 1,23», – указано в документе.

Отраслевое соглашение между МЗ РК, КОПРЗ «AQNİET» и НПЗ является основным правовым актом социального партнерства в отрасли.

МИНСЕЛЬХОЗ

ДОСТАТОЧЕН ЗАПАС ПРОДОВОЛЬСТВЕННЫХ ТОВАРОВ

МИНИСТЕРСТВО СЕЛЬСКОГО ХОЗЯЙСТВА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН ИНФОРМИРУЕТ ГРАЖДАН О НАЛИЧИИ И ПРОВОДИМОЙ РАБОТЕ ПО БЕСПЕРЕБОЙНОМУ ОБЕСПЕЧЕНИЮ СОЦИАЛЬНО ЗНАЧИМЫМИ ПРОДОВОЛЬСТВЕННЫМИ ТОВАРАМИ (СЗТП), - ПЕРЕДАЕТ КАЗИНФОРМ.

Республика за счет отечественного производства полностью обеспечена необходимыми объемами продтоваров, такие как хлеб, мука, макаронные изделия, растительные масла, картофель и овощная продукция, мясо, гречневая крупа, рис, молоко и молочная продукция и другие. Для обеспечения экономической доступности продовольствия в стабфондах регионов сформированы необходимые запасы продовольственных товаров. Вопросы продовольственной безопасности, а также бесперебойной работы сельхозформирований республики находится на постоянном контроле.

Так, по оперативным данным, всего по республике на 4 марта имеется запас порядка 1,5 млн тонн СХПТ и 6,7 млн тонн продовольственной пшеницы. Производство продуктов питания не прекращается, запасы пополняются на системной основе. Имеется достаточно сырья для производства круп, муки, консервов и других товаров, а также достаточное поголовье скота для производства мясных и молочных продуктов.

На основании вышеизложенного, Министерство сельского хозяйства РК не видит рисков возникновения дефицита социально-значимых продуктов питания в стране.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ӘЛЕУМЕТ

12 ТАЛДЫҚОРҒАНДЫҚ БАСПАНАЛЫ БОЛДЫ

ӨҢІР БОЙЫНША АЗ ҚАМТЫЛҒАНДАР ҚАТАРЫНДАҒЫ 12 ТАЛДЫҚОРҒАНДЫҚ ОТБАСЫ МЕЦЕНАТТАР КӨМЕГІМЕН БАСПАНАЛЫ БОЛДЫ.

Олардың арасында көпбалалы аналар, жалғызбасты аналар, ерекше балаларды тәрбиелеп отырғандар, жетім балалар, толық емес отбасылар, мүмкіндігі шектеулі азаматтар бар. Бұл туралы Алматы облысы әкімінің баспасөз қызметі хабарлады.

Кезекте тұрғандарға пәтерлерді меценат Ерік Айдарбаев пен «Харекет» Республикалық қайырымдылық қоры сатып әперген. Пәтер кілттері мен

сертификаттар аналар үшін 8 Наурыз мерекесі қарсаңындағы ерекше сый болды.

9 пәтердің кілтін тапсыру салтанатында меценат Е. Айдарбаев өзінің жүрекжарды сөзін арнады. «*Бүгінде әйелдер үйде де, түзде де өз міндеттерін жауапкершілікпен атқарып жүр. Әсіресе көпбалалы аналарға зор алғыс айтамыз. Өйткені балалар – кез келген елдің басты байлығы. Сондықтан көпбалалы, аз қамтылған отбасыларын қолдау – ортақ азаматтық парызымыз*».

Мұнан кейін «Харекет» қайырымдылық қорының Талдықорғандағы жетекшісі Амангелді Төлемісов мерекеге жиналған әйелдерді құттықтап, қорға қолдау көрсеткен демеушілерге ризашылығын білдірді.

Айтуынша, қайырымдылық қоры жұмысын бастаған жылдардан бері баспанаға мұқтаж жандарға 593 пәтердің кілтін, соның ішінде Талдықорған өңірінде 48 отбасыға баспана берген.

Өз кезегінде облыс әкімі Қанат Бозымбаев меценаттарға алғысын білдіріп, өңірде көпбалалы және аз қамтылған отбасылардың әл-ауқатын арттыруға бағытталған әлеуметтік қолдау шаралары жүйелі атқарылатынын атап өтті.

«*Биыл біздің облыста меценаттардың қолдауымен көп қабатты 15 тұрғын үй салына бастайды. Жалпы облыс көлемінде құрылыс ауқымын ұлғайтуымыз керек. Өйткені бізде 60 мыңнан астам жетісулық үй кезегінде тұр. Қазіргі кезде қаржыландырудың әртүрлі көздері есебінен жыл сайын 3 мың пәтерді пайдалануға беріп келеміз. Осы көрсеткішті кем дегенде жылына 10 мың пәтерге жеткізуіміз қажет. Олай болмаса, тұрғындар өз кезегін 20 жылдап, тіпті одан да көп күтуі мүмкін. Бұл мәселеде бізге меценаттар мен кәсіпкерлердің көмегі керек. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев айтқандай, бизнес аяғынан нық тұрды, енді мемлекет пен оның азаматтарына әлеуметтік өзекті мәселелерді шешуге көмектесетін уақыт келді. Осындай үлкен жүректі азаматтардың арқасында талдықорғандық 12 отбасы бүгін үйлі болып отыр. Бұл – көпшілікке үлгі боларлық іс*», – деді аймақ басшысы Қ. Алдабергенұлы.

Баспаналы болған көпбалалы ана Әлия Кауменова қуанышқа кенелткен меценаттарға алғысын білдірді. «*Біз көп жылдан бері пәтер жалдап келеміз. Балалармен анда-мында көшіп жүрген қиын. Енді біздің өз баспанамыз бар. Қатты қуанып тұрмын, менің арманымды орындаған, отбасымды қиындықтан алып шыққан азаматтарға шын жүректен рахмет айтамын*».

Айта кетейік, Алматы облысы халықтың табиғи өсімі жағынан Республикада алдыңғы орында, бала туу көрсеткіші жоғары. 2019 жылы 50 мың бала өмірге келсе, 2020 жылы 54 мың, өткен жылы 56 мың бала дүние есігін ашқан. Бүгінгі күні өңірде 59 мыңнан астам көпбалалы отбасы бар. Соның ішінде 28 мың ана – «Алтын алқа», «Күміс алқа» төсбелгілерінің иегері.

«АЛАТАУ-АҚПАРАТ»

МӘСЛИХАТ СЕССИЯСЫ

ӨЗГЕРІСТЕР ЕНГІЗІЛДІ

Алматы облыстық мәслихатының кезектен тыс XVI сессиясы өтіп, бірқатар мәселе қаралды. Алқалы жиынды облыстық мәслихат хатшысы Жанболат ЖӨРГЕНБАЕВ ашып, жүргізді.

Аудандық, қалалық мәслихаттардың хатшылары мен бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері шақырылған сессияға 18 депутат офлайн, 20 депутат онлайн режимде қатысты. Күн тәртібінде облыстық мәслихаттың тұрақты комиссияларының құрамына өзгерістер енгізіліп, облыстық мәслихат депутаты Қуат Сұлтанғазиевтің өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылса, облыстық Қоғамдық кеңестің құрамы бекітіліп, «АMANAT» партиясынан енгізілетін жаңа депутат таныстырылды.

Сессияда қаралған мәселелерді депутаттар ашық дауыс беру арқылы қолдап, ұсыныстарға бірауыздан демеу білдірді. Алғашқы мәселе – облыстық мәслихаттың экономика, бюджет, құқықтық тәртіп, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес, депутаттық өкілеттіктер мен этика мәселелері бойынша комиссиясының тұрақты жұмыс істейтін төрағасы лауазымына Секенбай Шеңгелбаевты сайлау туралы ұсынысты облыстық мәслихат хатшысы Жанболат Жөргенбаев көпшілікке жеткізіп, дауыс беруді сұрады.

Мұнан кейінгі екінші мәселеде Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес облыстық мәслихат депутаты Қуат Сұлтанғазиевтің мемлекеттік қызметке тағайындалуына байланысты депутаттық өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатуды бірауыздан қолдаса, үшінші мәселе бойынша депутаттар облыстық Қоғамдық кеңестің құрамымен танысты.

Жаңа құрамды облыстық қоғамдық кеңесті қалыптастыру бойынша жұмыс тобының төрағасы Ермек Келемсейіт таныстырды.

Күн тәртібіндегі төртінші мәселе – өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылған депутаттың орнына енгізілген кандидатты облыстық мәслихаттың депутаты – «Аманат» партиясының облыстық филиалының атқарушы хатшысы Гүлнар Тойлыбаева таныстырды. Осыған орай праймериз бойынша резервте тұрған Нұрсұлтан Орынбасаров облыстық мәслихатқа депутат болып енгізілді.

ӨЗ ТІЛШІМІЗ

ҰСТАЗ ОЙЫ

Еліміздің болашағы, ұлтымыздың ертеңі мектеп қабырғасында білім алатын жас ұрпақтың саналы ойлау қабілеті мен біліміне, іскерлігіне байланысты.

ТӘЖІРИБЕ АЛМАСУ – КӘСІБИ ҚАЖЕТТІЛІК

Сондықтан да әлемдік деңгейге жету үшін жасалынып жатқан білім беру жүйесіндегі талпыныстар оқытудың әртүрлі әдіс-тәсілдерін қолдана отырып, терең білімді барлық ісәрекетінде шығармашылық бағыт ұстанатын, сол тұрғыда өз болмысын тани алатын жеке тұлғаны қалыптастыру ісіне ерекше мән берілуде.

Бала – өміріміздің мәні. Бала өмірі үшін әрбіріміз жауаптымыз. ҚР Бала құқықтары туралы заңына сәйкес баланың құқықтары сақталып, қорғалады. Баланың ең басты құқығы оның дүниеге келіп өмір сүруінен, оқып, білім алып, денсаулығын күту мен қатар баланың әлеуметтік қамтамасыз етілуі заңды. Баланың әлеуметтік қамтылуына ата-аналары толық жауапты. Баланың әлеуметтік – тұрмыстық қамтамасыз етілуін қадағалап, тексеру, оқушылардың құқық бұзушылығының алдын алу шараларын ұйымдастыру, бейберекетсіз отбасы есебінде тұрған отбасылармен және мектепте білім алатын оқушымен де тығыз жұмыстар жүргізіп отыру мектеп әкімшілігі, соның ішінде мектептің әлеуметтік педагогының ең жауапты ісі. Осы орайда «ӨРЛЕУ» БАҰО» АҚ филиалы Алматы облысы бойынша педагог қызметкерлердің біліктілігін арттыру институты «Балалардың өмір қауіпсіздігін және әлеуметтенуін ұйымдастыру бойынша әлеуметтік педагогтің кәсіби құзыреттілігін дамыту» атты тақырыпты негізге алған курс оқытты. Мұнда біліктілікті арттыруда білімімізді шыңдадық. Жаңартылған білім беру бағдарламасы аясындағы тренеріміз Меруерт Бисенбаева болды.

Меруерт Кенжеғұлқызының шеберлігі курс материалдарын оқыту барысында көрінді. Оқыту үдерісінде пайдаланған жаңа әдіс-тәсілдері мұғалімдердің оқуға деген қызығушылығын оятты. Ол кісіге үлкен рахмет. Біздің бұл курстан аларымыз көп болды. Білімімізді шыңдап, тәжірибе алмастық.

Е. БИЛЕШБАЙ,
Н.Островский атындағы мектеп лицейінің әлеуметтік педагогы.
САРҚАН АУДАНЫ

Алатау
Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ҒИБРАТТЫ ҒҰМЫР

АҚ БАТА ШАПАҒАТЫ

ЖАРЫҚ ДҮНИЕГЕ КЕЛІП, ЕЛ ҚАТАРЫНА ЕНГЕН АДАМНЫҢ ТІРШІЛІГІНІҢ МӘНЕРЛІ ДЕ МӘНДІ БОЛУЫ ОНЫҢ ӨСКЕН ОРТАСЫНА, АЛҒАН ТӘЛІМ-ТӘРБИЕСІНЕ, ЕСТІЛЕРДІҢ ӨСИЕТТІ ТӘМСІЛДЕРІН ЗЕРДЕЛЕЙ БІЛУІНЕ ТІКЕЛЕЙ ҚАТЫСТЫ ЕКЕНДІГІН ӨМІРДІҢ ӨЗІ ДӘЛЕЛДЕП ЖҮР. ОСЫ ОРАЙДА, ӘУЕЛДЕ АЯУЛЫ АРУ РЕТІНДЕ ТАНЫЛЫП, КЕЛІН БОЛЫП ТҮСКЕННЕН КЕЙІН ЕЛ-ЖҰРТЫНА ІЗЕТТІЛІГІМЕН, СҮЙКІМДІЛІГІМЕН ЖАҚҚАН, ШАҢЫРАҒЫНЫҢ ШАТТЫҒЫН ШАЛҚЫТЫП, ҮБІРЛІ-ШҮБІРЛІ ҚАРА ДОМАЛАҚТАРЫНА АҚ СҮТІН ЕМІЗІП, БӨБЕКТЕРІН ҚҰШЫРЛАНА ҚҰШЫП, ЕР ЖЕТКІЗІП, ҚАУЫРСЫН ҚАНАТТАРЫ ҚАТАЙҒАН ҰЛ-ҚЫЗДАРЫНАН НЕМЕРЕ-ШӨБЕРЕЛЕР СҮЙГЕН ӘЗ ӘЖЕ РЕТІНДЕ БАЙСАЛДЫЛЫҚПЕН ТӨҢІРЕГІН БАҒАМДАҒАН, РЕСПУБЛИКАНЫҢ БІЛІМ БЕРУ ІСІНІҢ ҮЗДІК ҰСТАЗЫ АТАНҒАН ХАНШАЙЫМ (ӘСИЯ) СЫДЫҚҚЫЗЫ БҮГІНДЕ СЕКСЕННІҢ СЕҢГІРІНЕ ҚАРАЙ БЕТ ТҮЗЕП ОТЫР.

Ерлі-зайыпты Ханшайым Сыдыққызы мен Жексенбай Жетпісбаев

Ардақты ананың атаулы мерейтойына тоғысқан қуанышы мәртебесін өсіріп, мейманасын селдей тасытқанын сезінудің өзі бір ғанибет. Елінің әспетін иеленген Әсия Сыдыққызы Жаратушы иесінің шапағатына бөленіп, айналасындағы адамдардың мейірін, жақсылықтың шуақты шарапатын молынан сезіне білген аяулы ұстаз, ана, тәрбиелі тәлімгер.

Ханшайымның әкесі Сыдық Мырзахметовтың жұбайы Балқия – Оразғали, Жұмаш, Имаш есімді үш ұлдан кейін төртінші нәрестесін өмірге әкеледі. Қыз бала болған соң, ағайындар арасында және ауылаймағы құрметтейтін үлкен анасы Қадишаға ұқсап, көркімен көз тартатын ару болып бойжетсін деп, сәби есімін Ханшайым деп қояды. Бірақ сол кезде Андреев аудандық партия комитетінде қызмет істейтін әжет қарындасы ата-анасы қойған есімді айтуға қиын болады, қазіргі заманға лайықты есім қойыңыз, Әсия болсын деп ұсыныс білдіреді. Сөйтіп екі есімді иеленген бала төлқұжатқа Ханшайым жазылып, ағайын-туыстары мен ел-жұрты арасында Әсия атанып кетеді.

Оны ел-жұрты неге ардақтап, құрмет тұтады дейсіз бе? Оған жауап та дайын. Ол ең әуелі тектілерден тәлім үйренген ана. Өзіне табиғат әдемі, ажарлы ең де берген. Инабаттылық ірімдеріне үйіріле кететіні де бар. Періште пейілімен, міңәйі мінезді мейірімімен қандай ортаға барса да судай сіңіп, тастай батып, етене жақындықпен бауыр басып кете беретіндігінен болса керек. Елге деген махаббаты да шексіз. Білімдарлығы мен қабілеттілік қарымы риза еткен тәжірибелі тәлімгерлігімен де абыройы асқақтады. Бедел биігіне көтерілді. Мұның бәрі Әсияның талабынан ұшталып, алғы өмірге құштарлық танытуының, кездескен қиындықтарды табандылықпен жеңе білгендігінің, бейнетті зейнетпен еңсергендігінің мәуелі жемісі екені хақ.

Ханшайымның туған жері – табиғаты көрікті, жасыл желегі жеткілікті, топырағы құнарлы таулы өңір. Осы жердің топырағынан нәр алып, алтын бесігінен түлеп ұшқан өрендері көптеп саналатын аймақ. Атап айтқанда, мұнда әлемге аты әйгілі жазушы Әнуар Әлімжанов, дәулескер күйші әрі сазгер Малғаждар Әубәкіров, бүгінде техника ғылымдарының докторы атанған Бауыржан Нұрахметов және басқа да талантты перзенттері бар өлке. Осындай айтулы танымал тұлғалардың өнеріне жастайынан құлағы қанық Ханшайым да сезімі сергек, өзі елгезек болып есейеді. Әуелде Қарлығаш ауылындағы бастауыш мектепке барып, әліппе бетін ашып, әріптерді танып, оқып-білуде зеректік таныта білген ол сабақтан үздік бағалар алып үйренген дағдысын одан әрі сәтті жалғастырып әкетеді. Андреев ауданындағы Екпінді орта мектебінің үздік оқушысы атанып, қоғамдық жұмыстарға белсене араласып, өзінің пысықтығымен, іске икемділігімен, тиянақтылығымен, мектеп ұстаздары мен ұжымын сүйсіндіріп жүреді. Білім ордасын үздік бағамен бітіріп, қолына орта білімі бар деген аттестат алған соң Алматы қаласына аттанып, осындағы Мемлекеттік қыздар институтына құжаттарын тапсырады. Емтихан сынақтарынан мүдірмей өтіп, мектепте сапалы білім алғандығын дәлелдеп, студенттер құрамына қабылданғандағы қуанышы да селдей тасығандығы әлі күнге дейін есте. Қуанбағанда қайтсін? Шалғайдағы ауылдан бұрын көріп-білмеген, тынымсыз тіршілігі сапырылысқан қалаға келіп, жатпай-тұрмай көз майын таусып емтиханға дайындалған еңбегі ақталған шақта кім шалқып шаттанбайды дейсіз...

Студент атанған Ханшайым мектептегі қоғамдық жұмысқа белсене араласуын жоғары оқу орнында да одан әрі жалғастырып, өзінің іске қабілеттілігін көрсете біледі. Сол себептен болар оған институт атынан Орта Азия мемлекеттерінің жоғары оқу орындарының тыныс-тіршілігімен танысып, көрікті жерлерін аралап көруге арнайы жолдама беріледі. Осындай сапармен Ашхабад, Ташкент, Фрунзе, Душанбе қалаларында өткен ғылыми конференцияларға қатысып, өзара пікір сайысына түсіп, бақ сынасқан сәтте топ жарып жүлдегер атанады. Жоғары оқу орындарының студенттерімен қоян-қолтық танысып, араласқан күндерін бүгінде жиі еске алады.

Өзі таңдаған жоғары оқу орнын қызыл дипломмен бітірген ол Алматыдағы Қазақ ауылшаруашылық институтында өзімен қатар оқыған Талдықорған қаласындағы екі мәрте Еңбек Ері атанған Нұрмолда Алдабергеновтің інісі Жексенбай Жетпісбаев есімді жігітке тұрмысқа шығады. Олар институтта оқып жүргеннен таныс еді. Екі жастың тағдыр қосуына Нұрмолданың қызы Күлән мен Жексенбайдың қарындасы Жұмақыз пәрменді ықпал жасайды.

Ханшайым киелі ауылға келін болып түсерде шаруашылық басшысы Нұрмолда Алдабергенов қызметтік көлігі ақ волгасына Жексенбайды отырғызып, қалыңдығын алып келуге жібереді. Ол келін болып түсіп, ақ босағаны аттарда Нұрмолда атасы ауылдағы Еңбек Ері атанған атақты адамдар мен ақсақалдарды жинап, ақ батасын береді. Ханшайым – сол бір көңілі селдей тасып, масаттанған шақтағы аталардан алған ізгі ниетті ақ батаның шарапатының шаттығына бөленіп келе жатқандығын осы күнге дейін жиі-жиі еске түсіріп отырады. Алғаш алған әсерін де ұмытпайды. Сөз арасында: – *«Жүздері жарқын аталардың өсиетті сөздері құлағымнан кетпейді. Бәрін де ақылға толы ұлағаттыққа үндейтін қағидалы өсиеттей сезінемін. Келіндік міндетімді мінсіз атқаруға риясыз икемделдім. Инабаттылыққа үндеген ақыл-кеңестері арқылы ұлтымыздың салт-дәстүрінің үрдістерін үйреніп, санама берік сіңірдім. «Жақсы сөз – жарым ырыс» дегендей, ауыл ардақтыларынан алған шапағатты шуағы телегей-теңіздей ақ батаның мән-мағынасын терең ұғынған кезімде осы тұс. Алғаш ақ батасын берген ауылдың ақиық азаматтарын ерекше сыйладым. Жалпы, жері шұрайлы, елінің жүзі шырайлы Шұбар ауылының адамдарымен бірге туған бауырларымдай етене араласып кеттім. Көрген жерде үлкендері: «Қарағым, шырағым» деп айналып-толғанғанын көріп, көңілім көтеріліп, жүрегім елжіреп қалатын еді. Олардың лебіздерінен ерекше бір мейірімділік сезінетінмін. Осындай ыстық ықыластың әсері де болар бәлкім, елге, жерге деген сүйіспеншілігім еселене түскенін жасыра алмаймын. Қайқайсысы болмасын, мейірбандық пейіл танытып, жылы сөздерін айтып, шынайы ықыластарын бүкпесіз білдірісіп жататын. Соның өзі жүрегімді үлпілдетіп, бойыма күш-жігер беретін. Алға ұмтылдыратын. Жақсылыққа құлшындыратын. Мейірлі пейілдің шапағатты шуағын шашатын тектілерден үйренген тәлімдерім мені биязылыққа, инабаттылыққа баулыды. Өнегелі үрдістерді күнделікті ісіме қарай қолдануыма жол ашты десем болады. Сол дағды әлі күнге қалған жоқ. Жасым егде тартса да, үлкендерге иіліп сәлем салып, ізеттілік көрсетіп, алғыстарын алып жатудың өзі мені рахат сезімге бөлейді. Үлкен іс тындырғандай тынысым да кеңейіп, жүзім қызғалдақтай құлпырып, жайран қағып жадырап қалатынмын. Еңсемді де жоғары ұстайтынмын. Мен үшін одан артық ғанибет жоқ та еді сол шақта».*

Шұбар ауылына келін болып түскен Ханшайым Кеңес Одағының батыры Матай Байысов атындағы мектепке өзінің мамандығы бойынша химия және биоло-гия пәнінің мұғалімі болып орналасады. Сонымен бірге мектептегі оқу және тәрбие ісінің меңгерушісі қызметін қосымша атқару міндеті жүктелінеді. Еңбек жолын жаңа бастаған жас маман өзіне жүктелген жауапкершілікті тиянақты атқаруға, институтта оқығаны мен көңілге тоқығандарын тиімді пайдалануға ұмтылады. Көп ізденіп, ерінбей еңбектенеді.

Ол қоғамдық еңбекке араласқан күннен бастап, ұстаздықтың қыр-сырын терең білуге ден қояды. Кезекті өткізілетін пән сабағының тақырыбын талқылағанда, кейде ана тілімізге қатысты ұлттық тәрбие мен адами қасиет тұрғысындағы мәселе жөнінде пікір таластырғанда қызыға сөйлеп, жиналғандарды әсерлі сөзімен елітіп, көңілдерін сергітіп, серпіледей серпілтіп жіберетін-ді. Өзі атқарған ісіне сүйсінгендігі болар, одан ләззат алатын. Рухани жағынан ой-өрісін кеңейту үшін жаңалықтармен танысып, тиімділерін күнделікті сабағына қолданатын. Жас ұстаз негізгі міндеті сабақ берумен бірге қоғамдық жұмысқа да белсене араласатын. Мұғалімдердің ойындағы күрделі өзекті мәселелерді күн тәртібіне қойып, мүддесін қорғау жолында құлшынып тұратын. Азды-көпті мұң-мұқтаждарын шешуге бар ынтасымен кірісіп те кететін. Қандай шаруа болмасын барынша орайымен шешілуін қалайтын. Өзекті мәселе қашан дұрыс шешімін тапқанша тыным таппайтын. Оны орындауға тиісті басшыларға да тыныштық бермейтін. Қажетсінсе, саланың лауазымды басшыларына да шығып, мән-жайды түсіндіріп, ойындағысын ашық айтып, тапсырылған істі тиянақты шешімін тапқанша тыным таппайтын. Көпшілікпен етене араласып жұмыс істеген шақта шаршағанын да ұмытып кететін-ді.

Жалғасы 7-бетте

Дүйсенбі - Понедельник, 14 наурыз

ҚАЗАҚСТАН

06.00, 03.05 Әнұран
06.05 Д/ф «Қазақ даласының құпиялары»
06.25 «Masele»
07.00 «TANSHOLPAN»
10.00, 13.00, 15.00, 17.00, 20.00, 00.20 AQPARAT
10.10, 18.00 Т/х «Дениз»
12.00, 21.30 Т/х «Ауыл мұғалімі»
13.10, 17.15 «Қызық екен»
13.50 «Теледәрігер»
15.15 «Apta»
16.05, 23.30 Т/х «Күйеу бала»
20.35 «Ashyq alan»
22.30 Т/х «Жат мекен»
00.55 «Ashyq alan»
01.45 «Теледәрігер»
02.45 Д/ф «Қазақ даласының құпиялары»

ХАБАР

05.00, 01.00 ҚР Әнұраны
05.00 Мегахит «Дожить до утра»
07.00 «Таңғы хабар»
10.00 «Жаңа күн – жаңа Қазақстан»
12.00 Д/ф «Түрленген Түркістан»
12.40 Т/х «Бәсеке»
13.00 Кино. «Наурыз.KZ»
15.00 «Бүгін»
16.00 «Жаңа күн – жаңа Қазақстан»
18.00 «Наурыз келді, құт келді»
20.00 Қорытынды жаңалықтар
20.30 «Отдел журналистских расследований»
21.00 Итоги дня
21.30 Т/х «Ән-Аға»
22.30 Тұсаукесер «Түнгі хабар»
00.00 «Музарт» тобының ән кеші

АСТАНА

06.00 Т/х «Белгісіз жан»
06.50 Т/с «Домашние войны»
07.20 М/с «Маша и медведь»
09.20, 22.00 Т/х «Қарындасым, қарлығашым»
11.20 Т/х «Қызым»
12.20, 21.00 «Қара ниет»
13.30, 04.00 «Қызық болған»
14.30 Т/х «Жемчужина дворца»
16.00 Худ/ф «Рэкетир-2»
18.00 Т/х «Фазилет ханым»
19.00 Т/х «Ене»
20.00 ASTANA TIMES
23.40 Т/х «Сарай жауһары»
01.00 Т/х «Сүлеймен сұлтан»
02.30 ASTANA TIMES
03.30 «Біздің ауыл»
05.00 Т/х «Қызғалдақ»

ЕВРАЗИЯ

06.00 «Жить здорово!»
07.00 «Қайырлы таң, Қазақстан!»
08.00 «Доброе утро, Казахстан!»
09.00 «Поле чудес»
10.00 «Пусть говорят»
10.20 Т/с «Не оглядывайся назад»
14.00, 02.15 Новости
14.15, 02.30 Жаңалықтар
14.30 QOSLIKE
18.30, 03.45 «Басты жаңалықтар»
19.00 «KOREMIZ»ның тұсаукесері
20.00 Главные новости
20.40 Т/с «Идеалист»
00.25 Т/с «Женская версия»
01.20 «Неопалимая купина»
03.00 «Паутина»

КТК

07.05 «Дау-дамайсыз»
07.30 Т/х «Аманат»
09.00 Т/х «Адасқан қыз»
10.50 «Астарлы Ақиқат»
11.50 «Реставратор»
13.40 «Исчезающие следы»
18.30 Т/х «Тоғжан»
19.30 Кешкі жаңалықтар
20.00 «OZAT OTBASY»
21.00 Вечерние новости
21.40 «Вместе Навсегда»
23.45 «По ту сторону смерти-2»
01.30 «Исчезающие следы»
03.00 Т/х «Адасқан қыз»
04.20-04.50 «Кешкі жаңалықтар»

ЖЕТІСУ

07.05 Инфо-блок
07.10 «Әсем әуен»
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир
09.00 Апта (қаз)
10.00 Апта (рус)
11.00 «Олжа»
11.30 Д/ф «Әлем ғажайыптары»
12.00 Жаңалықтар /тікелей эфир/
12.15 «Спорт-тайм»
12.30 Жаңалықтар
12.40 Д/ф «Әлем ғажайыптары»
13.00 Новости
13.30 «Дәрігер кеңесі» / тікелей эфир/
14.25 Инфо-блок
14.30 Новости
14.50 Мәдениет жаңалықтары
15.00 Жаңалықтар /тікелей эфир
15.20 «Спорт-тайм»
15.30 Жаңалықтар
16.00 Новости
16.45 «Спорт-тайм»
17.00 Жаңалық
17.20 Экономика жаңалықтары
17.30 Жаңалықтар
18.00 Новости
18.20 Мәдениет жаңалықтары
18.25 «Спорт-тайм»
18.30 «Шашу»/тікелей эфир/
19.15 Новости
19.30 Д/ф «Әйгілі режиссер»
20.00 «Жанашыр»
20.30 Қорытынды жаңалықтар
21.05 Экономика жаңалықтары
21.10 Инфо-блок
21.15 Мәдениет жаңалықтары
21.20 «Спорт-тайм»
21.30 Итоговые новости
22.00 «Құйынды мекен» телехикаясы
22.35 Д/ф «Голливуд жұлдыздары»
23.00 «Дәрігер кеңесі»
23.30 Жаңалықтар

31 КАНАЛ

06.00, 03.40 Әзіл студио
07.00, 05.00 Ризамын
07.30 Информбюро
08.30 М/с «Маша и медведь»
10.00, 01.30 Т/с «Ханшайым»
11.00, 21.00 Т/с «Ұшқан ұя»
12.00 «Күліп ALL»
12.30 М/с «Аладдин»
13.30 Т/с «Женатики»
14.10 Х/ф «Вспомнить все»
16.50 «Отель Элеон» (повтор)
18.30 Т/с «Отель Элеон»
20.00 Информбюро
21.55 Т/с «Анупама»
23.30 «Навсегда моя девушка»
02.10 Т/с «БАЗАРБАЕВТАР»
04.30 What s upp?

7 КАНАЛ

06.00, 05.00 «Қуырдақ»
07.00 «Жайдарман»
08.00, 14.20 «Серт пен сезім»
09.00, 17.30 Т/с «Женский доктор»
10.00, 16.20, 01.10 Т/с «Гадалка»
10.30 Т/с «Хорошие руки»
12.30 «Q-Елі»
13.20, 22.30 «Бастық боламын»
15.20, 23.20 «Көзайым»
18.30, 00.10 «Aibat»
19.00 «Студия 7»
19.30 Т/с «Осколки»
21.30 Т/х «Жорға»
00.40 «Студия 7»
01.40 «ОЯН, QAZAQSTAN»
02.10 «Тамаша 7 км»
03.00 Т/х «Япырай»
04.00 «Айна-online»

Открылось наследство после смерти Хасеновой Култай Тасыбековны, умершей 13 октября 2021 года. Наследникам обращаться к нотариусу Бекішбаеву А. С., город Талдыкорган, улица Шевченко, дом 146/4, телефон: 41-37-73 в срок до 13 апреля 2022 года.

Сейсенбі - Вторник, 15 наурыз

ҚАЗАҚСТАН

06.00, 03.55 Әнұран
06.05 Д/ф «Қазақ даласының құпиялары»
06.25, 10.00, 13.00, 15.00, 17.00, 20.00, 00.25 AQPARAT
07.00 «TANSHOLPAN»
10.10, 18.00 Т/х «Дениз»
12.00, 21.30 Т/х «Ауыл мұғалімі»
13.10, 17.15 «Қызық екен»
13.50 «Теледәрігер»
15.15 «Masele»
16.00, 23.30 Т/х «Күйеу бала»
20.35 «Ashyq alan»
22.30 Т/х «Жат мекен»
01.00 «Ashyq alan»
01.50 Футбол. «Манчестер Юнайтед» - «Атлетико»

ХАБАР

05.00, 01.00 ҚР Әнұраны
05.00 Кино. «Наурыз.KZ»
07.00 «Таңғы хабар»
10.00 «Жаңа күн – жаңа Қазақстан»
12.00 «Тайны. Судьбы. Имена»
13.00 Т/х «Бөлелер»
15.00 «Большая неделя»
16.00 «Жаңа күн – жаңа Қазақстан»
18.00 «Добро в пожаловать в Капкан»
20.00 Қорытынды жаңалықтар
20.30 «Біздің назарда»
21.00 Итоги дня
21.30 Т/х «Ән-Аға»
22.30 Тұсаукесер «Түнгі хабар»
00.00 Айқынның «Жүрегім Ақ» шығармашылық кеші

АСТАНА

06.00 Т/х «Белгісіз жан»
06.50 Т/с «Домашние войны»
07.20 М/с «Маша и медведь»
09.20, 22.00 Т/х «Қарындасым қарлығашым»
11.20 Т/х «Қызым»
12.20, 21.00 «Қара ниет»
13.30 «Айтарым бар»
14.30 Т/х «Жемчужина дворца»
16.00 Т/с «103»
17.10, 04.00 «Ой мен ойын»
18.00 Т/х «Фазилет ханым»
19.00 Т/х «Ене»
20.00 ASTANA TIMES
23.40 Т/х «Сарай жауһары»
01.00 Т/х «Сулеймен Султан»
02.30 ASTANA TIMES
03.15 «Айтарым бар»
05.00 Т/х «Қызғалдақ»

ЕВРАЗИЯ

06.00 «Жить здорово!»
07.00 «Қайырлы таң, Қазақстан!»
08.00 «Доброе утро, Казахстан!»
09.00 «На самом деле»
10.00 «Пусть говорят»
11.10, 00.25 Т/с «Женская версия»
12.10 Т/с «Линия света»
14.00, 02.15 Новости
14.15, 02.30 Жаңалықтар
14.30 QOSLIKE
18.30, 03.45 «Басты жаңалықтар»
19.00 «KOREMIZ»ның тұсаукесері
20.00 Главные новости
20.40 Т/с «Идеалист»
01.20 «Неопалимая купина»
03.00 «Паутина»

КТК

07.05 «Кешкі жаңалықтар»
07.30 Т/х «Аманат»
09.00 Т/х «Адасқан қыз»
10.50 «OZAT OTBASY»
11.50 «Новости»
12.30 «Вместе Навсегда»
14.30 «По ту сторону смерти-2»
16.40 «Исчезающие следы»
18.30 Т/х «Тоғжан»
19.30 «Кешкі жаңалықтар»
20.00 «OZAT OTBASY»
21.00 Вечерние новости
21.40 «Вместе Навсегда»
23.45 «По ту сторону смерти-2»
01.30 «Исчезающие следы»
03.00 Т/х «Адасқан қыз»
04.20-04.50 «Кешкі жаңалықтар»

ЖЕТІСУ

07.05 Инфо-блок
07.10 «Әсем әуен»
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир
8.50 «Спорт-тайм»
09.00 Жаңалықтар
09.30 Новости
10.00 Т/х «Ай мен күн»
10.35 Экономика жаңалықтары
10.45 Мәдениет жаңалықтары
10.55 «Зерде»
11.30 «Жанашыр»
12.00 Жаңалықтар /тікелей эфир/
12.15 «Спорт-тайм»
12.30 Жаңалықтар
12.40 Д/ф «Әлем ғажайыптары»
12.55 роликтер
13.00 Новости/тікелей эфир/
13.30 «Талқы» /тікелей эфир/
14.30 Новости
14.50 Мәдениет жаңалықтары
14.55 Инфо-блок
15.00 Жаңалықтар /тікелей эфир
15.20 «Спорт-тайм»
15.25 Инфо-блок
15.30 Жаңалықтар
16.00 Новости
16.30 Новости
16.45 «Спорт-тайм»
17.00 Жаңалық
17.20 Экономика жаңалықтары
17.30 Жаңалықтар
18.00 Новости
18.20 Мәдениет жаңалықтары
18.25 «Спорт-тайм»
18.30 Шашу»/тікелей эфир/
19.15 Новости
19.30 «Сегодня» /прямой эфир
20.00 Д/ф «Бүгінгі дін»
20.30 Қорытынды жаңалықтар
21.05 Экономика жаңалықтары
21.10 Инфо-блок
21.15 Мәдениет жаңалықтары
21.20 «Спорт-тайм»
21.30 Итоговые новости
22.00 «Құйынды мекен» телехикаясы
22.35 Д/ф «Голливуд жұлдыздары»
23.00 «Талқы»

31 КАНАЛ

06.00, 03.40 Әзіл студио
07.00, 05.00 Ризамын
07.30 Информбюро
08.30 М/с «Маша и медведь»
10.00, 01.30 Т/с «Ханшайым»
11.00, 21.00 Т/с «Ұшқан ұя»
12.00 «Күліп ALL»
12.50 М/с «Аладдин»
13.50 Т/с «Женатики»
14.20 «Навсегда моя девушка»
16.50 «Отель Элеон» (повтор)
18.30 Т/с «Отель Элеон»
20.00 Информбюро
21.55 Т/с «Анупама»
23.30 Кино. «Бункер»
02.10 Т/с «БАЗАРБАЕВТАР»
04.30 What s upp?

7 КАНАЛ

06.00, 05.00 «Қуырдақ»
07.00 «Жайдарман»
08.00, 14.20 «Серт пен Сезім»
09.00, 17.30 Т/с «Женский доктор»
10.00, 16.20, 01.10 Т/с «Гадалка»
10.30, 19.30 Т/с «Осколки»
12.30 «Q-Елі»
13.20, 22.30 «Бастық боламын»
15.20, 23.20 «Көзайым»
18.30, 00.10 «Aibat»
19.00 «Студия 7»
19.30 Т/с «Осколки»
21.30 Т/х «Жорға»
00.40 «Студия 7»
01.40 «ОЯН, QAZAQSTAN»
02.10 «Тамаша 7 км»
03.00 Т/х «Япырай»
04.00 «Айна-online»

Сәрсенбі - Среда, 16 наурыз

ҚАЗАҚСТАН

06.00, 03.55 Әнұран
06.05, 01.30 Д/ф «Қазақ даласының құпиялары»
06.25, 10.00, 13.00, 15.00, 17.00, 20.00, 00.55 AQPARAT
07.00 «TANSHOLPAN»
10.10, 18.00 Т/х «Дениз»
12.00, 21.30 Т/х «Ауыл мұғалімі»
13.10, 17.15 «Қызық екен»
13.50 «Теледәрігер»
15.15 «Kelbet»
15.40 Д/ф «Қазақтар»
16.10 Т/х «Күйеу бала»
20.35 «Ashyq alan»
22.30 Т/х «Жат мекен»
23.30 Т/х «Шабдалы 18»
00.25 «Parasat Maidany»
01.50 Футбол. «Ювентус» - «Вильярреал»

ХАБАР

05.00, 01.00 ҚР Әнұраны
05.00 Мегахит «Добро пожаловать в Капкан»
07.00 «Таңғы хабар»
10.00 «Жаңа күн – жаңа Қазақстан»
12.00 «Тараз – тарихымыздың темірқазығы»
12.40 Т/х «Бәсеке»
13.00 Т/х «Бөлелер»
15.00 «Бүгін»
16.00 «Жаңа күн – жаңа Қазақстан»
18.00 Мегахит. «ХАОС»
20.00 Қорытынды жаңалықтар
20.30 «Народный контроль»
21.00 Итоги дня
21.30 Т/х «Ән-Аға»
22.30 Тұсаукесер «Түнгі хабар»
00.00 Нұржан Керменбаев «Қара бала»

АСТАНА

06.00 Т/х «Белгісіз жан»
06.50 Т/с «Домашние войны»
07.20 М/с «Маша и медведь»
09.20, 22.00 Т/х «Қарындасым, қарлығашым»
11.20 Т/х «Қызым»
12.20, 21.00 «Қара ниет»
13.30 «Айтарым бар»
14.30 Т/х «Жемчужина дворца»
16.00 Т/с «103»
17.10, 04.00 «Ой мен ойын»
18.00 Т/х «Фазилет ханым»
19.00 Т/х «Ене»
20.00 ASTANA TIMES
23.40 Т/х «Сарай жауһары»
01.00 Т/х «Сүлеймен Султан»
02.30 ASTANA TIMES
03.15 «Айтарым бар» повтор
05.00 Т/х «Қызғалдақ»

ЕВРАЗИЯ

06.00 «Жить здорово!»
07.00 «Қайырлы таң, Қазақстан!»
08.00 «Доброе утро, Казахстан!»
09.00 «На самом деле»
10.00 «Пусть говорят»
11.10, 00.25 Т/с «Женская версия»
12.10 Т/с «Линия света»
14.00, 02.15 Новости
14.15, 02.30 Жаңалықтар
14.30 QOSLIKE
18.30, 03.45 «Басты жаңалықтар»
19.00 «KOREMIZ»ның тұсаукесері
20.00 Главные новости
20.40 Т/с «Идеалист»
01.20 «Неопалимая купина»
03.00 «Паутина»

КТК

07.05 «Кешкі жаңалықтар»
07.30 Т/х «Аманат»
09.00 Т/х «Адасқан қыз»
10.50 «OZAT OTBASY»
11.50 «Новости»
12.30 «Вместе навсегда»
14.30 «По ту сторону смерти-2»
16.40 «Исчезающие следы»
18.30 Т/х «Тоғжан»
19.30 «Кешкі жаңалықтар»
20.00 «OZAT OTBASY»
21.00 Вечерние новости
21.40 «Вместе Навсегда»
23.45 «По ту сторону смерти-2»
01.30 «Исчезающие следы»
03.00 Т/х «Адасқан қыз»
04.20-04.50 «Кешкі жаңалықтар»

ЖЕТІСУ

07.05 Инфо-блок
07.10 «Әсем әуен»
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир
8.50 «Спорт-тайм»
09.00 Жаңалықтар
09.30 Новости
10.00 «Ай мен күн» телехикаясы
10.35 Экономика жаңалықтары
10.45 Мәдениет жаңалықтары
11.00 «Сегодня»
11.30 «Бүгінгі дін»
11.50 Инфо-блок
12.00 Жаңалықтар /тікелей эфир/
12.15 «Спорт-тайм»
12.30 Жаңалықтар
12.40 Д/ф «Әлем ғажайыптары»
13.00 Новости
13.30 «Талқы» /тікелей эфир/
14.30 Новости
14.50 Мәдениет жаңалықтары
14.55 Инфо-блок
15.00 Жаңалықтар /тікелей эфир
15.20 «Спорт-тайм»
15.30 Жаңалықтар
16.00 Новости
16.30 Новости
16.45 «Спорт-тайм»
17.00 Жаңалық
17.20 Экономика жаңалықтары
17.25 Инфо-блок
17.30 Жаңалықтар
18.00 Новости
18.20 Мәдениет жаңалықтары
18.25 «Спорт-тайм»
18.30 «Шашу»/тікелей эфир/
19.15 Новости
19.30 «Бүгін» /тікелей эфир
20.00 «Зейнеп апаның әңгімелері»
20.30 Қорытынды жаңалықтар
21.05 Экономика жаңалықтары
21.10 Инфо-блок
21.15 Мәдениет жаңалықтары
21.20 «Спорт-тайм»
21.30 Итоговые новости
22.00 «Құйынды мекен» телехикаясы
22.35 Д/ф «Голливуд жұлдыздары»
23.00 «Талқы»

31 КАНАЛ

06.00, 03.40 Әзіл студио
07.00, 05.00 Ризамын
07.30 Информбюро
08.30 М/с «Маша и медведь»
10.00, 01.30 Т/с «Ханшайым»
11.00, 21.00 Т/с «Ұшқан ұя»
12.00 «Күліп ALL»
12.45 М/с «Аладдин»
13.45 Т/с «Женатики»
14.45 Кино. «Бункер»
16.50 «Отель Элеон» (повтор)
18.30 Т/с «Отель Элеон»
20.00 Информбюро
21.55 Т/с «Анупама»
23.30 Кино. «Подстава»
02.10 Т/с «БАЗАРБАЕВТАР»
04.30 What s upp?

7 КАНАЛ

06.00, 05.00 «Қуырдақ»
07.00 «Жайдарман»
08.00, 14.20 «Серт пен сезім»
09.00, 17.30 Т/с «Женский доктор»
10.00, 16.20, 01.10 Т/с «Гадалка»
10.30, 19.30 Т/с «Осколки»
12.30 «Q-Елі»
13.20, 22.30 «Бастық боламын»
15.20, 23.20 «Көзайым»
18.30, 00.10 «Aibat»
19.00 «Студия 7»
21.30 Т/х «Жорға»
00.40 «Студия 7»
01.40 «ОЯН, QAZAQSTAN»
02.10 «Тамаша 7 км»
03.00 Т/х «Япырай»
04.00 «Айна-online»

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ҒИБРАТТЫ ҒҰМЫР

АҚ БАТА ШАПАҒАТЫ

Жалғасы. Басы 5-бетте

Әсияның жан серігі Жексенбай Жетпісбаев та еңбек жолын шаруашылықта инженерліктен бастап, міндетін дұрыс атқарғандықтан оның да қызметінің баспалдығы біртіндеп жоғарылап, биікке қарай өрлей берді. Атақданқы Кеңестер Одағына мәлім Партияның XXII съезі атындағы колхозында бас инженер, кейіннен осы шаруашылықтағы партия комитетінің хатшысы болып сайланады. Ұйымдастырушылық қабілетімен көзге ілікken оны шаруашылық басқаруға жіберуді ұйғарып, Ақсу ауданындағы Талдықорған облысы бойынша іргелі шаруашылықтың бірі саналатын Жансүгіров атындағы ұжымшардың басқарма бастығы болып сайланады. Ағасы Нұрмолда Алдабергеновтің іскерлік тәжірибесінен үлгі алған Жексенбай да іске құлшына кіріседі. Жұмысты ұтымды ұйымдастырудың нәтижесінде шаруашылық экономикасы нығайып, жаңа техникалар сатып алуға мүмкіндік туады. Мал саны өз төлі есебінен өсіп, өнімдері көбейеді. Егіншілікте табысты салаға айналады, қаржы қоры көбейген соң тұрмыстық жағдайда жақсара бастайды. Жаңадан мектеп, балабақша, сауда орталығы сияқты құрылыстар салынып, пайдалануға беріледі. Тұрғын үйлер бой көтеріп, оларға ауыз су құбырлары тартылады. Халық үшін атқарылған игілікті істерге елжұрт ризашылықтарын білдірсе, жоғары жақтағы басшылар да шаруашылықтың барлық көрсеткіштері бойынша жаңа табыстарға жетіп, облыс бойынша алдыңғы қатарға шыққандығын атап өтіп, кеңінен насихаттайды.

Отағасы Жексенбайдың қызметін ауыстыруына байланысты Ханшайым да жаңа қонысқа жансерігімен бірге келіп, Сағабүйен ауылындағы жаңадан салынған Төлеген Тоқтаров атындағы орта мектепке директор болып тағайындалады. Басшылық тізгінін ұстаған ұстазға алғашқы кезде көп кедергі де, талай күрделі мәселе де кезігеді. Алайда, іске белді бекем буып кіріскен білікті ұстаз қиындықтан жасқанбайды. Білім ұясы ғимаратының құрылысын сапалы салып бітіруге, мектепті құрал-жабдықтармен қамтамасыз етуді ойдағыдай атқаруға батыл араласады. Сол кезде осы мектепте істеген ардагер ұстаз, әріптесі Райхан Омарова оның мектепке басшы болған кезіндегі атқарған ісіне сүйсінгендігін білдіре келіп: «*Ханшайым Сыдыққызы тәжірибелі іскер ұстаз екендігін іспен дәлелдеп, шәкірттерге білім беру сапасын жақсартуды бірінші кезекке қойып, отансүйгіштік рухы биік ұрпақ тәрбиелеуді мақсат тұтып, мұғалімдерге қойылатын талап та күшейтілді. Ұжымдағы еңбек тәртібі нығайтылып, сапалы білім, саналы тәрбие берудің әдіс-тәсілдерін жетілдіріп, оқу-тәрбие жұмысының барлық саласы бойынша жоғары деңгейге жеткізе білді. Тіпті мектеп айналасының өзі де өзгеріп шыға келді. Гүл алаңдары жасалып, көз тартарлық көрініске қызығатын болдық*» деп еске алады.

Шынында да, Ханшайым Сыдыққызы ойға алған, алдына меже етіп қойған биік мақсаттарын бағындыруға бекем құлшынатын дағдысынан тайсалмай, діттегеніне жетіп те жүрді. Ата-аналармен тығыз байланыс жасап, жасөспірімдер тәрбиесі тұрғысында ауқымды шаралардың жүзеге асыруға ықпал етеді. Мектепте жеке-жеке пән кабинеттері ашылды. Білім ордасының ауласын таза ұстап, ағаш көшеттерін отырғызып, абаттандырады. Кезегі келгенде ауыл шаруашылығы жұмыстарына да қолғабыстарын тигізді.

Осындай ауқымды істерді атқарудың нәтижесінде мектеп ұжымы алғы шептен көрініп, аудан мен облыс бойынша ілгерілегендердің қатарына қосылған еді.

Мектепте өтетін небір пайдалы істің ұйымдастырушысы да, ұйтқысы да осы Ханшайым Сыдыққызы еді. Осындай тұста іскер басшының белсенділігіне әркім-ақ сүйсінетін. Ол әйелдер белсене араласқан салада жақсы нәтижеге қол жеткізіп, жеңістің де, жемістің де, бақыт пен құт-берекенің қатар жүретіндігін іс жүзінде дәлелдей білген іскер де ұлағатты ұстаздың бірегейінің бірі атанғандығы, адал еңбегінің шынайы көрінісі екендігі, айдай ақиқат.

Елбасының: «Әйел – өмір тірегі ғана емес, өмірдің өзі» деп атап көрсеткеніндей, адамзаттың тегі анамен жалғасады, сүйеніш тірегіне айналады. Шаңырақтың киелілігін берік ұстайтын да аяулы аналар екені дау тудырмас ақиқат. Жастық жалыны жалындаған жас мұғалімнің тынбай ізденісінен еңбек етіп, нені болса да шын жүрегімен жеткізуге талпынатынына, бар істі ынта-шынтасымен беріле атқаратынына жоғарыдағы басшылар да көз жеткізеді. Оның біліктілігі мен белсенділігі педагогикалық ұжымға да қатты ұнайды. Ата-аналардың сүйіспеншілігі мен ризашылығын көріп, әспеттеген құрметін сезінеді.

– Әйел-ананың жұмыс орнын ауыстыруы көп жағдайда күйеуінің қызметіне қатысты ғой, – дейді Ханшайым Сыдыққызы әңгіме арасында. – *1983 жылы жолдасым Көксу ауданына қарасты Шаған тауының қойнауына қоныс тепкен Куйбышев атындағы колхоздың басқарма бастығы болып сайланды. Менде сол ауылдағы Қабан жырау атындағы орта мектебіне жұмысқа орналастым. Мұнда да еңбегімнің игілігін көрдім десем артық айтқандық емес. Жасым зейнеткерлікке жеткен соң мектеп ұжымы құрметтеп еңбек демалысына салтанатпен шығарып, ізгілікті ілтипатын көрсетті. Оларға ризашылығымды білдіріп, рахметімді айттым. Қай жерде, қандай қызметте істейін, адамдардың ыстық ықыластарын сезініп, көңілім өсіп, мерейім үстем болып жүргенімді әрдайым қанағат тұтамын. Тәубе деп, Тәңірге шүкіршілік ниетімді білдіруден танбайымын.*

Білікті ұстаз зейнеткерлік демалысқа шыққанымен әлі қатардан қалысқан емес. Республикалық, қоғамдық-медициналық «Жәрдем» және «Білім шапағаты» апталық газеттерінде жұмыс істеді. Оған қоса қоғамдық жұмыстың да белсендісі. Алматы облыстық, Талдықорған қалалық ардагерлер ұйымдарының мүшесі ретінде жастар арасында «Ата-баба дәстүрі – ұрпақтарға аманат» бағдарламасы бойынша мектептерде сабақтан тыс тәрбие сағаттарына қатысып, ұрпақ тәрбиесі төңірегінде тұщымды әңгімелер өткізіп, ұлттық салт пен дәстүрді насихаттаудан, тәлімді тәжірибесін үйретуден шет қалып көрген емес.

Барша қауым сыйлайтын талай зиялылар мен жайсаңдар Жексенбай мен Ханшайымның шаңырағының төрінде отырып ақ дастарқанынан дәм татып, дархан пейіліне ризашылық ниетін білдіргендер қаншама?! Олардың қатарында Мемлекет және қоғам қайраткері Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев, көрнекті жазушылар Ғабит Мүсірепов, Сәбит Мұқанов, Мұхтар Әуезов, Ілияс Есенберлин, Бауыржан Момышұлы, Кемел Тоқаев, белгілі сазгер Нұрғиса Тілендиев және Индияның бір топ ақын-жазушылары мен өнер қайраткерлері қазақтың жомарттығына осы Әсияның жайған дастарқанынан дәм-тұз татқанда, қазақтың дархандығы мен жомарт пейілдеріне, қонақжайлық дәстүріне тәнті болғандықтарын мақтана айтқаны ұлттық мәртебені өсіре түскені анық.

Қазақтың өрлігі мен ерлігіне, ниеті мен пейіліне, кең жайылатын дастарханына дарытқан құт-берекесіне, өзі әрдайым сыйынатын Алла Тағаласының рахымына тәубе айтып, тағзым етуді санасына берік ұялатқан Ханшайым қарапайымдылығымен танылған иманжүзді жан. Қазақы қалпымызды қалыптастырған, ұлттық дәстүрдің үрдістерін молынан санасына құйып, инабаттылыққа үйреткен Тәтібек пен Нұрмолда сынды аталарының қасиетін, өсиетті сөздерін зерделеген келін ақсақалды аталарынан алған батасын санасына берік ұялатқан мейірбанды жан ретінде тектіліктің алтын дәніндей сыпайылықты бойына молынан сіңіре білген тәлімгер. Бәрінде жүрегімен сезініп, ақылымен ой қорытып, түйінді сөз айтуға да шебер-ақ.

– Әйелдің жанын әйел ғана түсінеді, – дейді. – «*Жігіттің жан дүниесіндегі алабұртқан сезімді түсіне білу де бір ғанибет. Қыз бойжеткен соң, төңірегіне көз жүгіртеді. Болашақ жан серігін тапсам деп армандап, қиял құсын шарықтатып, өзін түсінетін, жақсылығына қуанып, ренішіне бірге мұңая білетін парасатты азаматқа жолығуды көңіл шіркін қалаудайақ қалайтыны шындық. Бұл жағынан алып қарағанда, мен өзімді бақыттымын деп есептеймін. Өмірлік жан серігімді дұрыс таңдағаныма тәубешілік етемін. Қолда барда алтынның қадірін түсінбейтіндер соңғы кезде көбейіп бара жатқаны қатты ойландырады. Көптеген жастар бір сәттік сезім шарапатына бөле-ніп, мәре-сәре күй кешкеніне шалқая дандайсып жүріп, артының не боларын, қандай күйге душар етерін ұғынбай, ұрымтал жердің ұйығына ұрынып, қарадай адасып жүргендері қаншама?! Шынын айсам, әйелдің шынайы махаббатын сезінген адам адаспайды. Жаратқан иеңнің бойға дарытқан пәктігін, жасырынып іште жатқан құпия сезімді өзін құлай сүйген адамға арнағандардың бақытты ғұмыр кешері анық. Ерлі-зайыптылар арасындағы сыйластық пен отбасының бірлігін сақтайтын, татутәттілігіне дақ түсірмейтін дәнекер десе болар. Жас балалар үлкендерге қарап, бой түзейді. Санасына нұрлы сәуле шағын сіңіреді. Ерлі-зайыптылар арасындағы салқындық сәтсіздікке ұшыратуы әбден ықтимал. Сыйластық шынайы болса, ол берік қамалға айналып, еш уақытта қабырғаны қақыратып, отбасының іргесін ірітіп-шірітпейді. Адалдық – ардың туы. Оны жығып, не сүріндіріп алсаң, қайта оңалту оңайға түсе қоюы қиындау күй кештіреді*».

Жас арудың басына ақ орамал тартып, келін болып түскен жері Тәтібек атасының ақ босағасы еді. Отағасы ауыл-аймағына қажырлы еңбегімен танылған ақиық азаматтың зайыбы Нұрғиса Құмарбайқызы да төңірегін түгендеп, татулыққа ұйытып отыратын ана-тын. Ел ішінің берекебірлігін сақтауға бар ынтасын салатын. Ақыл мен мейірімге толы жүрегінің кеңдігін білдіріп, ешкімді жатсынбайтын. Абысынажындарының басын қосып отыратын ақылды ана ретінде танылғандықтан ел-жұрты қоғадай жарылып сәлем салып, сыйлап, құрметтеп жататын. Осындай сүттей ұйыған ортаға келін болып түскен ару қайын атасы Тәтібек ақсақалдың ақылын тыңдап, ізеттілік пен ибалықты бойына берік қалыптастырады. Ағалары Сембай, Әбен, Нүрке де аялы алақандарын жайып қолғабыстарын беріп, қамқорлық жасағандары тағдыр қосқан екі жасты қанаттандырып жігерлендіруге көп ықпал жасайды. Енесі Сәтбала қайырымды, ақылды, абзал әз әже еді. Абысынажындары мен ағайын-туыстары арасындағы ауызбіріліктері күшті-тін. Бір отбасында он төрт жан тұрып жатқанына қарамастан әйшәйдескен кездерін көрген де, сезінген де емес. Татулықты ту етіп ұстап, шүйіркелесіп отырып, барды бөлісіп, ішіп-жейтін. Ол да көпшіл ортаға тез бейімделді. Бәрімен етене араласып, тіл табысып кетті, абысынажындары да Ханшайымды қызындай үлпілдетіп ұстады. «Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілесің» дегендей, келін Ханшайым да сыйға-сый көрсетіп, кішіпейілдік пен сыпайылық үрдісін сақтай жүріп, әдептілік дәстүрдің құдіреттілігін сезініп, тектіліктің тәлімді үрдісін бойына молынан дарыта білді. Инабаттылыққа тәрбиеленді. Абысындары Ақжарқын, Тәшенбала, Нұрғиса, Батима, Саумал және басқалардың өнегелі істерін үйренді. Бәрі де келіндерін қыздарындай аялайтын. Олар: «Қарағым келін, аттаған босағаң киелі шаңырақ. Ата-енеңнің атына кір келтіріп, мысын баспайтын, еңсесін түсіретін әдепсіздік жасау әулетімізге жат қылық саналады. Әдептіліктен азбайсың, тектіліктен тозбайсың, қайта абыройың артады. Үлкендердің қағидалы сөзін құлаққа құйып, санаңда сақтап жүргейсің» деп ақылдарын да зердесіне жеткізе айтатын.

Ынтымағы жарасқан әулеттің Зейнеш, Сара, Нәжет, Нұрпәзи келіндерін әздерімен тең көріп, кеңінен сырласып білгенін үйретіп, білмегенін бір-біріне түсіндіріп, татулық дәрісін деріптейтіні кәнігі дәстүрге айналған-ды. Ауылдағы еңбектес құрбықұрдастарымен қарым-қатынастары да кеміген емес. Мыңбай Рысбай – Шәкен, Жанатов Кешкінбай – Қалтай, Саурықбаев Ғазиз – Күләш, Молбаев Өмірзақ – Бегіман, Шатырбеков Жанабек – Раушан, Махметов Қыдырбек – Тергеуова Шайбала, Мұратбеков Сағынбай – Сәруар, Жандыбаев Кеңес – Сәуле және басқалар ауылдың жас мамандары еді. Бәрі бірлесіп Нұрмолда атаның ауылының өркендеуіне, гүлденуіне үлес қосуды өздеріне перзенттік парыз санайтын. Ауыл азаматтары мен жастары бірін-бірі қолдап жүретін, араларына жік түспейтін-ді.

Табанды да қажырлы күш-жігерін жұмсау арқылы өзінің саналы ғұмырын еселі еңбекпен өрнектеп, ел-жұртының құрметі мен әлпешіне бөлене білген Әсия Сыдыққызының білім саласындағы көп жылғы жемісті еңбегі жоғары бағаланып, Ақсу ауданының Құрметті азаматы атағы беріліп, төсбелгісі мен куәлігі салтанатты жағдайда тапсырылып, мәртебесін тағы бір биіктете түсті.

Ұлттық дәстүрді берік ұстанатын, қазақтың тұрмыстық салтына тән жарасымдылықты сәтті жалғастырып келе жатқан өнегелі отанасы Ханшайымның жанұясының берекесін кіргізіп, ұрпағын қанаттандырып, самғау биіктерге ұшырып, олардан немерелер мен шөберелер сүйіп отырған сүйікті әз әже. Ерлі-зайыпты Жексенбай мен Ханшайым отау тігіп, шаңырақ көтергелі отбасынан үш ұл мен екі қызды тәрбиелеп өсірді. Бүгінде бәрі де жоғары білімді. Үлкен ұлы Нұрлан – құрылыс инженері, одан кейінгі Гүлмирасы – банк қызметкері, Розасы – дәрігер, Бағланы – шаруа қожалығының иегері, кіші ұлы Ілияс Нұр-Сұлтанда жер комитетінің білікті маманы. Әулеттің ұл-қыздарынан 16 немере, 5 шөбере сүйіп отырған ата-ана өздерін бақыттымыз деп санайды.

Міне, зиялы зерделілерден әуелде алған ақ батасын шаттығының шуақты шарапатына балап, тектілікті ғибратты ғұмырының темірқазығына айналдыра білген ерлі-зайыпты Жексенбай мен Ханшайым сынды ата-ананың бүгінгі бақыттың кеңішіне кенелген өмірінің тыныс-тіршілігі осылайша жалғасып, әулеттің үбірлі-шүбірлі өрендері өрбіп өсіп жатыр.

Отбасының бақ-құтын берекелендіріп отырған ана-әже Ханшайым Сыдыққызының мерейтойына шашу ретінде төмендегі жыр шумақтарын арнаймыз:

Құт дарыған топырақты жеріне,
Келін болып Нұрмолданың еліне,
Түскен кезден жұмыс істеп келесіз,
Бата берген ұқсап Еңбек Еріне.

Ұл да өсірген, қыз да өсірген анасыз,
Шәкірттерге аяулы ұстаз – данасыз.
Әжелермен қатар тұрып сахнада,
Бұлбұл құстай сайрап ән де саласыз.

Білімде үздік атақ алған дүлдүлсіз,
Әйел-ана бағалайтын құндызсыз.
Көп ішінде көзге түсер жарқырап,
Көк төрінде жымыңдаған жұлдызсыз.

Тіршіліктің еркін құшып самалын,
Сексеннің де бұзып шығып қамалын,
Немере мен шөберлер сүйіңіз,
Жақсылықтың шырқай жүріп бал әнін.

Қызғалдақтай гүлін жарған бүрленіп,
Тоты құстай құлпырыңыз түрленіп.
Жүзге келген ғасыр тойда би біліп.
Жексен аға жүрсін сізге гүл беріп! – деген ізгі ілтипатты ниетімізді білдіріп, шапағатты қуаныштар үздіксіз жалғаса берсін деп тілейміз.

Әли ЫСҚАБАЙ,
Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қызметкері, Алматы облысы мен Балқаш ауданының Құрметті азаматы.

Алатау
Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ТАҒЗЫМ

ӨМІРДЕ ӨНЕГЕЛІ

Ескі көздер бара жатыр азайып,
Олар жайлы ойламаудың өзі айып.
Ей, тірілер!
Соларды бір еске алып,
Тебіренейік, толғанайық, жазайық.

Кетті олар,
Келмеске енді жол алды,
Қажымайтын солдаты еді қоғамның,
Қасиетін паш етейік олардың,
Қателігін кешірейік олардың...

- деп ақиық ақын М. Мақатаев айтқандай, жаратушының ғаламдағы ғажайып сыйы - адамзат өмірі. Адам қоғамның белгілі мүшесі болғандықтан, қоғамдық өмірдегі әртүрлі өзгерістер оның көзқарастарына, әлеуметтік әрекетіне әсерін тигізеді. Орта адамды қалыптастырады, оның даралық қасиетін айқындай түседі. Әр дәуірдің, әр ғасырдың өз ағымы, өз заманы болары хақ. «Заманына қарай адамы» деген сөз осыны аңғартқандай. Мұның мағынасы - заманның түріне қарай іс істеу, адамзатқа қызмет ету.

Пайғамбарымыз Мұхаммед (Аллаһтың оған игілігі мен сәлемі болсын) жетпісінші хадисінде: «Әркімнің қандай екенін білгің келсе, оған халықтың қалай қарайтынын біл. Оны халық қалай бағаласа, оның кім екендігі анықталады. Көпшіліктің берген бағасы Алланың ізгілігімен тең» деген өсиеті бар. Бүгінгі әңгімемізге арқау боп отырған Алматы, Талдықорған облыстарындағы белгілі ауылшаруашылық басшысы, «Қазақстан Республикасының ауылшаруашылығына еңбек сіңірген қызметкері», «Халық ағарту ісінің озық қызметкері», «Республикалық дәрежедегі зейнеткер, Кербұлақ ауданының «Құрметті Азаматы» – Суанбаев Нәукен биыл 100 жасқа келер еді.

2011 жылы бақилық болған ақсақалдың артында өзінің саналы ғұмырында ел игілігі үшін атқарған қызметі, өсіп-өнген ұрпақтары, өзі тәрбиелеп қатарға қосқан шәкірттері мен туыс-туғандары қалды. Ауылшаруашылығында жоғары көрсеткіштерге қол жеткізген абыройлы қызметінің белгісіндей алған үш мәрте «Еңбек Қызыл Ту», «Халықтар достығы», «Отан соғысының екінші дәрежелі ордендерімен, 20 шақты медальмен және үш мәрте КССР Жоғарғы советінің «Құрмет» грамотасымен марапатталғаны да ел есінде.

Енді өткен өмірдегі өнегелі өмір жолдарынан сыр шертсек: Нәукен Суанбайұлы 1922 жылдың 8 наурызында Гвардия ауданы Қызылжар ауылында дүниеге келген. Еңбек жолын сол жерде есепші болып бастаған. 1942 жылы әскер қатарына алынып, Ұлы Отан соғысында, Сталинград майданында 2-ші топтағы соғыс мүгедегі болып, 1944 жылы елге оралады. 1944-1955 жылдар аралығында соғыстан оралысымен Қызылжар колхозының бас есепшісі, Доланалы колхозының басқарма бастығы, Гвардия аудандық партия комитетінің нұсқаушысы болып қызмет істеді.

1951-1967 жылдар аралығында үш шағын Қараеспе, Игілік, Көшпенді колхоздарынан құрылған ірілендірілген Амангелді колхозының басқарма бастығы болып сайланды. Орталығы Қоянкөз ауылы болып бекітілді. Ауылда тек 30 шақты жәй саман үйлер ғана болатын. Басқарма бастығы жұмыс жүйесін білімділікпен ұйымдастырып, шаруашылық үлкен нәтижеге қол жеткізді. Мал басы өсті, егістік өнімін арттырып, ауыл экономикасы еселеп өсті. Тез арада ауылдың бас жоспары жасалып, халық игілігіне қажетті құрылыстар колхоз қаражатына салына бастады. 1956 жылы ауылға салынған су құбырлары Республикаларға тәжірибе ретінде плакаттар арқылы таратылды.

Осы кезеңде ауылдағы екі сауын сиыр фермасы (меңгерушілері – Шөте би, тегі Сандыбай Аңсабайұлы, Маймажанов Әбдіқадыр) Гвардия ауданы бойынша сүт өткізу жоспарын асыра орындап, үнемі 1-2-ші орындарды иеленді. 1964 жылы аудан бойынша бірінші болып, типтік үлгідегі 2 қабатты 400 орынды мектеп, екі қабатты 90 орынды балабақша пайдалануға берілді. Сол жылдары 300-дей стандартты үйлер колхозшыларға салынды. Амангелді колхозы аудан, облыс, Республикада көш бастаған шаруашылықтар қатарында болды.

1967-1983 жылдар аралығында Нәукен Суанбайұлы – Жоламан қой совхозының директоры болып қызмет атқарды. Бас-аяғы бірнеше жылдың ішінде жұмысы тұралаған Жоламан қой совхозынан асыл тұқымды шаруашылық орнын жасап, аяғынан тік тұрғызды. Сол жылдары ірі құрылыстар жүргізілді. Совхоздың экономикасының еселеп өсуіне байланысты бюджет қаржысына қарамастан ең бірінші болып, шаруашылық қаражатына 10 жылдық мектеп, балабақша салынды.

Сонымен қатар мәдениет үйі, аурухана, монша, машина-трактор шеберханасы және жұмысшыларға қажетті үйлер салынды. Көшелерге жол жасалынды, су құбыры жүргізілді. Жиырма бес мың бас қойға арналған бордақылау алаңы жасалды. Шөл даланы суландыруға, жемшөп базасын жасауға жер асты сулары зеттеліп, «Фрегеттар» орнатылып, 2000 га жер суландырылды.

Осылайша, Жоламан совхозы экономикасы өрлеп, қала типтес ауылға айналып, облыстағы ең ірі алдыңғы шаруашылықтар қатарынан орын алды. Екі қожалықты басқарған кездегі мамандар тәрбиелеу мен ағарту саласындағы атқарған қызметін бағалап, «Халық ағарту ісінің озаты» атағы берілді. 1983 жылы Республикалық дәрежедегі дербес зейнеткерлікке шықты.

Міне, қысқаша өмір деректерінен ауыл шаруашылығы саласында атқарған қызметінің көрінісін көз алдымызға келтірсек айтуға оңай болғанмен, 1930 -1983 жылдар аралығында бұғанасы қатпаған бала шақтан ел басқарған басшы дәрежесіне жеткен Нәукен Суанбайұлының басынан өткізген қилы кезеңдері, қазақ халқының тарихындағы қасіретті ашаршылық, «коллективтендіру», «репрессия», 1941-1945 жылғы Ұлы отан соғысы, соғыстан кейінгі халық шаруашылығын қалпына келтіру кезеңі, тың игеру, қайта құру жылдары жеке бастың қамы емес, ортақ мүддеге, кеңестік идеологияға жанкешті қызмет атқару міндеті кез келген адамның қолынан келмейтіні ақиқат еді.

Бұл ретте Нәукен Суанбайұлының өзі өмір сүрген дәуірдің әлеуметтік-экономикалық жағдайы аясында бүкіл халық басынан өткен оқиғалармен қатар өзі басқарған колхоз-совхоздардағы еңбек адамдарының жанкиярлық еңбектерін баяндайтын 2009 жылы Алматы қаласындағы «Нұрай Принт» баспасынан шыққан «Біздің буын ғибраттары» кітабын айта кетсек артық болмас.

Автор еңбегінің кіріспесінде: «Кешегі кеңестік тәртіптен біздің бойымызға сіңіп қалған бір қатерлі әдеттен арыла алмай отырмыз. Ол – арамтамақтық. Барлық жақсылықты тек үкіметтен ғана күтіп үйренген баяғы масылды мінез. Сол өтіп кеткен құрдымға қайта оралмастай кеткен сана-сезімдегі адамдар әлі күнге дейін «үкімет береді» деген тілемсек ниетте жүр. Мемлекет өзінің адамдарына қарамайды емес, қарайды. Бірақ оның

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ТАҒЗЫМ

ІЗІ ҚАЛҒАН

өзінің шеңбері, шегі бар, әлеуметтік-құқықтық мемлекеттік қауіпсіздендіру шараларынан бас тартпайды.

Ал енді жеке өз басыңның қам-қарекеті үшін тек өзің ғана жауаптысың. Осыны түсіне алмай келеміз. Бүгінгі және ертеңгі заманда тек өзіне сенетін адамдар ғана өмір сүре алмақ. Өз күніңді өзің жаса, мемлекетке немесе басқа адамдарға телмірме, ондай пиғылдан аулақ бол. «Біздің буынның өмір жолы да осыны меңзейді. Сені еш уақытта өзге де, үкімет те асырамайды, өз қаракетіңді өзің қамда. Ол – әрине қиын. Мұны менің осы кітабымнан оқып танисың. Менің қауымдастарымның кейбір өмір жайларын тәптіштеп баяндауымның себебі де сол.

Бір қарағанда мағынасыз, түкке тұрғысыз болып көрінуі мүмкін, бірақ ой салсаң, астарында «өзіңе өзің ғана жауаптысың, өз жағдайыңды өзің жаса» деген мән жатады. Өзіңді сенен артық түсінетін кім бар? Ендеше шырақтарым, өз ұлтыңның болашағын өздерің ойлаңдар. Өз ұлтыңды сыйла, көздің қарашығындай сақта. Тілмен де, ділмен де, ісіңмен де қазақ бол, өзге жол жоқ. Әйтеуір адам болып өмір сүру – бір бөлек те, ұлт болып ұйысу – бөлек қасиет.

Осы себептерден де сендерге өз басымнан өткендерімді айтып, мына күнге жету қияметтерін баян еттім. Енді бұл ауыр замандар қайталанбас үшін өзіңнің ұлт ретіндегі қадір-қасиетіңді жоғалтпаңдар деген келеді. Менің жақсы-жаман өмір жолым осы қасиеттерімізді көтеруге арналды. Өзімде ол жолдан таймадым, өзгелерді де соңыма ілестірдім, бірлестіріп оттім.

Кейінгі ұрпағыма да айтарым – осы. Олар немқұрайлылықтан арылуы, өзінің тектілігіне қайта оралуы керек. Еш уақытта сырттан біреу келіп қазақтарды ел қылады деп үміттену – бекершілік. Орыс, ағылшын боламын десең де, орыс та, ағылшын да бола алмайтыныңды, олардың сені қабылдамайтынын, «мүсәпір» деп қарайтындығын түсіну керек» деп толғаныспен ағынан ақтарылады. Сонымен қатар еліміздің болашағына алаңдаулы көңілімен, ұрпақтарға үлкен үміт пен зор сенім білдіре отырып: *«Менің өмір жолымда небір тосын кедергілерді, қиындықтарды жеңу оңай болған жоқ. Кегежені кейін тартқан мимырттықтан мерей өсірер бүгінгідей биікке шыққан жолдың машақаты әбден жетіп жатыр. Осындай түйыққа тірелер тұста мен Абайдың «Өзіңе сен, өзіңді алып шығар, Еңбегің мен ақылың екі жақтап» деген қайрат-жігерге бекіндірер асыл сөзін іштей сан рет қайталайтынмын. Халқыма да айтып жүретінмін. Расында да адам өз күшіне сенбеген жағдайда не тындыра алады? Бос белбеуліктен арылып, өз күшіңмен өрге жүзгенге не жетсін. Ондайда өзіңе өмірің де мағыналы боп көрінді. Мені халқымның, ұрпақтарымның алдымен нарық қыспағына төтеп беріп, уақыт талабы үдесінен шығуға машықтанып қалғаны қуантады, көкірегіме үміт пен жұбаныш егеді. Ендігі тәңірден тілерім – біз алмаған білімді сендер алсаңдар, біз шыққан мәртебеге сендер ие болсаңдар сөйтіп, өздеріңе де, бауырларыңа да, еліңе де қалтқысыз қызмет етсеңдер деймін»* – деген баталы сөзімен аяқтайды.

Өзінің өткен өмір жолында тек адалдықты ту етіп, ауыл экономикасын жоғары көтеруде сіңірген еңбегімен қатар жоғары білімді мамандар жетіспейтін 1950 жылдың аяғы мен 1960 жылдың бас кезінде көрегендік танытып, «Жетім көрсең жебей жүр» деген халық даналығына сай, Амангелді колхозынан әкелері қан майданнан қайтпай қалған өрімдей алты баланы Алматыға әр саланың мамандығына оқуға жіберіп, елдің ризашылығына ие болды.

Атап айтқанда, Алпамыс Мәмбетбаев – құрылыс инженері, Сәбит Дәулетбаев – мал дәрігері, Сағынғали Майлыбаев – зоотехник, Назар Суанбаев – инженер-механик, Тұрсынбек Досбатыров – дәрігер мамандықтарын игеріп, туған ауылдарында көп жылдар еселі еңбек етті. Осы мамандар кейін аудандық, облыстық деңгейде қызметке көтерілді. Олар Нәукен ағаларын ұстаз, қамқоршы санап, үлгі-өнегесін үнемі айтып отырады. Оның Жоламан совхозын басқарған кезінде бірге жұмыс істеген жас мамандарды тәрбиелеудегі еңбегі ерен. Сонан соң шаруашылық басшылары қызметіне көтерілді. Олар: Мәзлап Қабазиев, Шынәсіл Қажыбасов, Бейісбай Себеков, Ғазиз Ысқақов, Өмірбай Дәулетбақов, Мырзағали Асылов, Оңалбай Қожашев, Ахат Аюбаев, Әлімжан Шойынбеков, Нұрбай Жантілеуов.

Солардың бірі Нәукен аға зейнетке шыққанда қолынан осы шаруашылықтың басшысы қызметін қабылдап алып, кейін аудан әкімі болған Нұрбай Қожатайұлы ұстазы жайлы ой толғады: «Нәукен ағаның қол астында еңбек ете жүріп, ол кісіні сан қырынан тани бастадым. «Сегіз қырлы, бір сырлы» демекші, тек шаруашылықтың іскер басшысы ғана емес, тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінін айтатын, сөзі мірдің оғындай, дауысын көтермей-ақ адамның жетесіне жеткізетін, нағыз сөздің салмағын түсінетін адам болып шықты. Шаруашылықтың бар ісін қолмен қойғандай біледі. Әрі экономист, әрі бухгалтер, агроном және зоотехник. Несін айтасыз, өзі басқарып отырған шаруашылықтың тыныс-тіршілігін, қам-қарекетін алақандағыдай айтып, қол астындағы қызмет істейтіндерге жөн-жосығын, бағыт-бағдарын беріп отыратын.

Бәрінен де ол кісінің ұтымды да ұтқыр сөздері көздеген нысанасына дөп тиіп жататын. Өткір ауасымен уәж айтқанда, ол адам еш жаққа жалтара алмай қалатын. Бірде мал шығынын көп беретін шопандармен жиналыс өткіздік. Малдан ең көп шығын берген Әріпжан Албанбаев деген шопанды орнынан тұрғызып:

– Әріпжан, осы қой неге өледі? – деп сұрады. Ол да сөзден тосылмай:

– Нәуке, мен соны қойдан сұрамаппын – деді. Барлығы тым тырыс, үн жоқ. Бір уақытта Нәукен Суанбайұлы: – Әй Әріпжан, қой сөйлесе сенен сұрап нем бар? Менің сенде не шаруам бар дегені, ел қыран-топан күлкіге кенеліп қалған еді. Қандай сөз, қандай ұтқырлық десеңізші...

Ұлы Абай «*Тегінде адам баласы адам баласын ақыл, ғылым, мінез деген нәрселермен ғана озады*» деген екен. Нәукен Суанбайұлының бойында осы асыл қасиеттердің барлығы да болды деп ойлаймын.

Жоғарыда айтылғандай өмірдің өзінен, тағдырдың тезінен бойына сіңірген қасиеттердің орныгуына 27 жасында колхоз бастығы қызметін бастаған кезеңнен араласқан тарихи тұлғалар мен үкімет басшыларының ықпалы да әсерін тигізгені де шындық.

Бұл туралы өзінің жоғарыда жазған естелік-ғибратнама кітабында: «*Ешқашан ешкімнің алдында бейшаралыққа салынба, өйткені абыройлы кезде ғана қадірлі боласың»* деген анамның сөзін бойтұмар етіп ұстадым. Төзімділікті, кішіпейілдікті, қарапайымдылықты, салмақтылықты және рух беріктігін өзімнің ішкі әлемімнің қасиетіне айналдыруда. Жасыратыны жоқ, біріншіден, ел арасындағы дана қариялардан, екіншіден, өзімнен жоғары ел басшыларынан үйрендім», – дей келе Республика көлеміндегі қайраткерлермен кездесу сәттеріне тоқталады.

Атап айтқанда, 1952 жылы Қазақстан Орталық партия комитетінің бірінші хатшысы Жұмабай Шаяхметовтің, 1957 жылы Қазақстан Орталық партия комитетінің бірінші хатшысы Дінмұхамед Ахметұлы Қонаевтың Амангелді колхозына келіп еңбекші халықпен кездесулері айтқан ақыл-кеңестерін ерекше жылылықпен еске алады. Әсіресе Димекеңнің бригададағы тамақ ішетін орнын емес, күзетшінің жаппасын көрсетіп, «Ана пайғамбар тіккен қара қостан дәм татсақ» – деп, еңкейіп сонда кіріп, дәмнен ауыз тиіп шыққаны, оған елдің соншалықты риза болғаны айтылады. Бұл да үлкен өнеге үлгісі ғой.

Өткен күн тарихынан орын алған 1965 жылы Шоқан Уәлихановтың 100 жылдығы атап өтіліп, оған Қазақстан Орталық партия комитетінің хатшысы Жандилдин, Министрлер советі председателінің орынбасары Әди Шәріпов пен жазушы Сәбит Мұқанов бастаған Әлкей Марғұлан, Ғали Орманов т.б. отыз шақты сыйлы адамдардың ауылға келіп, шаңырақтан Шәуен Әбілбек қызының дайындаған асын сүйсіне жегендері, Сәбеңнің ет асатуы, дастархан басындағы әсерлі отырыс та кітапта баяндалған.

Осындай «Көргені жақсы көш бастайды» деген халық даналығы Нәукен Суанбайұлына арнап айтылған десек артық болмас. Бұл кісі өзінің отбасындағы аяулы анасы – Әнипаны, Қоянкөздегі ақбұйым руының қызы, Құдай қосқан жары – Шәуенді өмір бойы аялап, жеткен жетістіктеріндегі қолдап, ниеттерін де үнемі есінен шығармайды. Інісі Назар мен келіні Раяны ерекше ризашылық сезіммен олардың балалары мен келіндеріне көрсеткен үлгі-өнегелерін мақтан етеді.

Нәукен Суанбайұлы мен Шәуен Әбілбекқызының отбасында аялап өсірген екі ұл, бес қызы бар. Үлкен қызы – Тұрсын. Алматы Қыздар институтын бітіріп, Талдықорған қаласында мұғалім болды. Жолдасы Болатхан Егалиевпен Нұр-Сұлтан қаласында тұрады. Екі қыз және ұлы, немерелері бар. Екінші қызы – Гүлсім, Шоқан ауылында тұрады. Жолдасы – Асылбек Байзақов, үш қыз, бір ұлы бар. Үшінші қызы – Ұлбосын. Қыздар педагогикалық институтын бітірген, жолдасы – Қуаныш Жұмағұлов, 2 қыз, 1 ұлы бар.

Ұлдың үлкені – Болат, келіні – Қаламқас. Екеуі де жоғары білімді. Болат ҰҚК полковнигі бір ұл, бір қызы бар. Ұлы – Манат, келіні – Жанар, екеуі де жоғары білімді, энергетика саласында қызмет істеген, бір ұл, бір қызы бар. Қызы – Ұлжан, жолдасы – Жұмабек Шотанов жоғары білімді, 2 ұлы бар.

Кенже қызы – Гүлнәз, күйеу баласы – Болат Ақшанов, екеуі де жоғары білімді, 1 ұл, 2 қызы бар.

Отбасында осылай өрбіген ұл-қыздарынан немере, шөбере, немене сүйіп отырған Нәукен Суанбайұлы Құдай қосқан құдаларын «Құдайындай сыйлап, олардың әрқайсысына жоғары баға береді, құдағиларын құрмет тұтады. «Балаларымыздың арқасында еліміздің төрт жағынан: Оңтүстіктен Солтүстікке қарай, Батыстан Шығысқа қарай құдақұдағилы болып, туысқан тауып, өрісіміз кеңейіп жатыр» – деп марқаяды.

Кітапта өмірдің әр кезеңінде бірге жүрген достары жайында сыр шертіп, олардың ел алдында атқарған қызметтері мен адамгершілік асыл қасиеттерін ортаға салады. 2008 жылы өмірлік серігі Шәуен қайтыс болғанда: «Қайран өмірлік жолдасым – Шәуен! Көз жұмғанша менің қамымды ойлап кетті. Соңғы демі бітіп бара жатып балаларына, қыздарына «Әкелеріңді күтіңдер» деген бір ауыз сөзбен көз жұмды» – деп, өз-өзіне жұбату беріп, жан-дүниесінен жарып шыққан:

Тілекшім ең, аялаған Шәуенім,
Өмірімнің мәні, сәні әуенім.
«Нұры жаусын Алланың» – деп тілейді,

Өзің сүйген әулетің мен бар елің, – деген асыл жарына қимастығы мен жатқан орнының жайлы болуына тілегін қосады.

Жан жары дүниеден өткеннен кейін ой теңізіне бойлаған бекзат бітімді Нәукен жоғарыда аталған «Біздің буынның ғибраты» кітабын жазып, өзі өмір сүрген қоғамның әлеуметтік-экономикалық жағдайлары мен еңбек адамдарының жарқын бейнесін, өз өміріне өнеге болған тұлғалар, достар, туған-туыс, құда-жекжат, ұрпақ тәрбиесі жайында тереңнен толғады. Осы жайында: «*Достарым, құда-жекжаттарым, ұрпақтарым, сіздермен шертіскен бұл жайым – Шәуен дүниеден озған сәттен бергі сыр жалғыздығымды жұмсартып, екеуміздің алар өнеге болса ықыласыммен тапсырайын дегенім ғой. Құдайдың бұған да қуат-дәрмен бергеніне шүкірлік етемін, сендерге берер батамыз: Алланың берекесі жаусын! Рахметі жоқ адам, Құдайдың мейіріміне ие бола алмайды. Мұндай адамды мақтауға және алғыс айтуға тұратын жан деп есептеме» деген сөз бар. Бұл кітап, баяным, менің Шәуеніме айтқан рахметім, одан ғибрат туып жатса, ұрпағымның алдындағы ата жолын өтегенім»* – деп аманатын артына қалдырып кетті.

Нәукен Суанбайұлының көзі тірі болғанда биыл 8 наурызда 100 жасқа келер еді. Өзі өмір бойы аялап өткен аяулы анасы Әнипа мен жан жары Шәуеннің, ұрпақтарының ұлық мерекесінде тойланар еді. Артында қалған елі, туыс-туғандары, құда-жекжаттары өсіп-өнген ұрпақтары естен шығармай «Ғасыр тойын» атап өтері анық. «Адам – ұрпағымен мың жасайды» деген Ұлықпан хәкім сөзіне алып қосарымыз жоқ, мәуелі бәйтеректе айналған осы үлкен шаңыраққа Алла шаттық-қуанышын, мейірімін төге берсін деген ізгі ниетімізді өзі тәрбиелеген шәкірті (марқұм) – Алпамыс ағамыздың:

Ірісің аға, ірісің,
Шәкірттеріңнің пірісің.
Еліне еңбек сіңірген,
Ұлылардың бірісің.

Кетпейді ізсіз ізгі ісің,
Молайып халқың – ырысы.
Келтірдің қилы заманда,
Шаруашылық кірісін.

Атыңыз сіздің Наурызбай.
Болдыңыз Нәукен – аңыздай.
Нәр берген, еліне әр берген,
Жасампазсыз Наурыздай! – деген жүрекжарды арнауымен жалғастырсақ жарасымды болар. Иә, абыз ағамыздың азан шақырып қойған аты – Наурызбай екен. Аяулы анасы Әнипа мен аяулы жары Шәуеннің, ұрпақтарының ұлық мерекесінде 100 жасқа келген атаулы күнін елі, туыс-туғандары, ұрпақтары кеңінен атауда. Ғасыр жасына келген бүгінгі күні сонау ғарыш көкжиегінен абыз ақсақалымыздың рухы жымия қарап, еліне – амандық, жеріне – тыныштық, ұрпақтарына – амандық тілеп жатса, Алла қалауымен мейірім нұрын төксе дейміз.

Дүйсен АҢСАБАЕВ,
І. Жансүгіров атындағы ЖУ-дың профессоры.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ПАРТИЯ «АМАНАТ»

СЕНАТОР ПРОКОММЕНТИРОВАЛ ПЕРЕИМЕНОВАНИЕ

ДЕПУТАТ СЕНАТА ПАРЛАМЕНТА РК БАКЫТЖАН ЖУМАГУЛОВ ПРОКОММЕНТИРОВАЛ ИТОГИ СОСТОЯВШЕГОСЯ СЪЕЗДА ПРАВЯЩЕЙ ПАРТИИ КАЗАХСТАНА, ПЕРЕДАЕТ МИА «КАЗИНФОРМ» СО ССЫЛКОЙ НА ПРЕСС-СЛУЖБУ СЕНАТА.

«Решения внеочередного XXII съезда, скажу безо всяких преувеличений, воспринял как один из самых неравнодушных партийцев, пропустив их через сердце. Ведь я был причастен к знаковым, историческим событиям сложнейшего периода становления главной политической организации страны, когда партия получила свое первое название — "Отан", затем была переименована в "Нур Отан", победила в президентских и парламентских выборах, создала фракцию в Мажилисе.

Это был период острейшей конкуренции, в которой нам удалось победить, объединив в своих рядах мощный актив из партийоппонентов и обретя всенародную популярность. Но, к сожалению, за 23-летний период деятельности «Нур Отан» не смог избежать болезней роста, все больше обюрокративался, подчас становясь формальным исполнителем установок властных структур. И закономерно во всей полноте встал вопрос о переосмыслении как роли партии в обществе, так и методов ее работы.

В связи с драматическими событиями в стране и резко нарастающей напряженностью в мире ответственность перед гражданским обществом ведущих политических сил и институтов многократно возросла, поэтому Президент страны и Председатель «Nur Otan» Касым-Жомарт Токаев своевременно поставил задачу модернизации и переформатирования партии.

«Мы должны с благодарностью помнить труд всех преданных делу партии активистов. Но время не стоит на месте. Мы должны реагировать на новые политические и экономические реалии. В противном случае – застой со всеми его последствиями», – сказал на съезде Глава государства поддержал предложение спикера Мажилиса Ерлана Кошанова о переименовании партии «Nur Otan» в «Аманат». В переводе «аманат» означает «завет предков», «наказ будущим поколениям». Аманат – глубокое понятие, обладающее особым символизмом в культуре нашего народа», – обосновал Глава государства. Подчеркнув, что ребрендинг партии – это не только и не столько ее переименование, смена вывески, но перестройка всей работы, ее трансформация, он четко обозначил, какой видит обновленную партию: «Аманат» – это центристская партия здравого смысла. Партия справедливости, партия народного единства, партия неуклонного движения вперед, партия, которая слышит мнение и чаяния народа и действует во имя интересов наших граждан». В целях качественного улучшения работы надо полностью пересмотреть стиль взаимодействия центрального аппарата с филиалами и первичными организациями, предоставив им большую самостоятельность, решительно отказаться от бюрократии и бумаготворчества, покончить с практикой до сих пор не изжитого

директивного управления. Для этого необходимо освоить новую культуру взаимоотношений, основанную прежде всего на доверии и сотрудничестве, особо акцентировал Глава государства. Вызвал нарекания и такой недостаток: партия «обросла» множеством неэффективных советов и комиссий, на которых обсуждаются одни и те же вопросы, но решения не принимаются. Вместо этого следует активизировать ее деятельность в Мажилисе и маслихатах, депутатские фракции должны взять на себя организацию диалоговых площадок, по итогам работы которых добиваться существенных результатов. К такой работе депутатский корпус готов. В этом Касым-Жомарт Кемелевич убедился, наблюдая за работой депутатов Парламента в регионах: «В их работе стал появляться новый стиль, новое содержание, это уже видно. Стало меньше формальных заседаний, больше прямых контактов с избирателями. Депутаты стали погружаться в реальные проблемы граждан на местах». Сила любой партии – в преемственности. И «Аманат» должен стать кузницей кадров, готовить современных политиков и государственников, умеющих работать с избирателями, а также давать дорогу талантливой молодежи – будущему оплоту партии. Глава государства развернул перед делегатами съезда простую и ясную программу трансформации партии и преобразований в обществе, дал исчерпывающую оценку текущего момента. Но и за помощью к ним как соратникам и в целом ко всем казахстанцам обратился, инициировав республиканскую акцию по сбору идей и предложений, которая позволит каждому гражданину поучаствовать в формировании актуальной общенациональной повестки. Вскоре прозвучало сообщение, что и Мажилис запустит специальный модуль для сбора конструктивных предложений по нормам рассматриваемых законопроектов. Вот примеры реального воплощения концепции «слышащего государства». Побольше таких объединяющих предложений, доброго пути, «Аманат»!» – сказал Бакытжан Жумагулов.

ЦЕНООБРАЗОВАНИЕ

АВИАБИЛЕТЫ СТАЛИ ЗНАЧИТЕЛЬНО ДОРОЖЕ

Тем временем сектор авиаперевозок и логистики Казахстана готовится к переменам. Цены на услуги пассажирского воздушного транспорта в РК по итогам февраля текущего года выросли в годовой динамике на 17,7%, передает finprom.kz.

В большинстве регионов страны удорожание в секторе было весьма значительным. Заметнее всего цены выросли в Восточно-Казахстанской области – сразу на 45,7% за год. В тройке антилидеров также оказались Мангистауская (на 43,2%) и Туркестанская (на 34,8%) области.

В то же время в двух регионах – Акмолинской и Северо-Казахстанской областях цены не изменились, а в Павлодарской и Жамбылской областях даже снизились на 14,2% и 22,2% соответственно. Доходы авиакомпаний в январе текущего года составили 20,9 млрд тг, плюс 6,6% за год. Большая часть доходов традиционно пришлась на пассажироперевозки: 20,4 млрд тг.

Доход от грузоперевозок составил 534,8 млн тг, от сдачи в аренду транспортных средств с водителем – 215 млн тг.

Между тем сектор авиаперевозок и логистики РК на фоне ситуации в Украине и санкций мирового сообщества против России ожидают перемены. Так, в связи со сложившейся ситуацией с закрытием воздушных пространств часть потока воздушного движения уже перенаправлена из Черноморского региона на территорию Казахстана. Всего за сутки через воздушное пространство страны было выполнено 257 ранее не планировавшихся рейсов.

Салтанат Меңлібаева 1957 жылы Қапал ауданында туған. Мектепте мұғалім болған. 2004-2017 жж. Алакөл ауданы әкімінің орынбасары қызметін атқарған. 13 жыл ауданның білім, мәдениет, өнер, денсаулық, спорт және тағы басқа саласын дамытуға үлес қосқан білікті басшылардың бірі. Сондай-ақ қазақтың дүлдүл ақыны Сара Тастанбекқызын зерттеп жүрген өлкетанушылардың бірі.

Зәурехан Әшімханова (1936-2019 жж.) Сарқан ауданына қарасты Қарабөгет ауылында туған. Өмір жолын Антон орта мектебінде сабақ беріп бастаған. 1967-1994 жылдары Сарқан-Қапал аудандық атқару комитетінде 27 жыл жауапты хатшы болып қызмет атқарған. Өте еңбеккор, білімді, жылы жүзді, қонақжай, халық дәстүрін сақтап, жандандырған жан.

Райхан Серғазинова 1948 жылы Көксу ауданы Кировск ауылында дүниеге келген. Өмір жолын ұстаздықтан бастаған. 1982-1990 жж. Киров ауатком төрағасының орынбасары болған. Зейнетке шыққан соң, 2009 жылдан бастап, бүгінгі күнге дейін Алматы облыстық ардагерлер кеңесі төрағасының орынбасары қызметін атқарады. Ұйымдастыру қабілеті жоғары, көпшілікпен тіл табыса білетін білікті, беделді тұлға. Жастарды ата-бабалар дәстүрімен тәрбиелеп, насихаттап, халқымыздың рухани байлығын көтеруге үлесін қосып келеді.

Гүлшара Баталова 1969-1970 жылдары аралығында Талдықорған атқару комитетінің төрағасы болған.

О. Сердалина 1983-1990 жж. Бөрлітөбе аудандық атқару комитеті төрағасының орынбасары болып беделді, білікті қызмет атқарған.

Ғ. Сүлейменова, 1997-1999 жылдары аралығында Текелі қаласы, 2003-2004 жылдар аралығында Қаратал ауданында, 2004-2008 жылдары Панфилов ауданы әкімінің орынбасары болған.

Жамбылдық Л. Базарқұлова 2002-2008 жж. Талдықорған қаласы әкімінің орынбасары болып қызмет атқарды.

БАҚ беттерінде басылған мақалалардан ауатком қызметкерлерінің өмір дерегі және суреті, жұмыс жасаған жылдары берілмегендіктен кейбір арулардан қысқаша мәліметтер бергенді жөн көрдік. Балапан Аринова, Киров, Талдықорған ауатком төрағасының орынбасары, Лидия Тұяқбаева, Киров ауатком төрағасының орынбасары, Азат Шаяхметова Панфилов аудандық комитеті төрағасының орынбасары болып сайланған. Ауатком тақырыбына қосымша қала мен ауылдық кеңестің белсенді қызметкерлерінің қысқаша өмір дерегін бергенді жөн көрдік. Асқарғалиева Шолпан Қабдолдақызы 1948 жылы Ақсу ауданы, Бұрған ауылында дүниеге келген. Қызметте медбике, сонымен қатар тәрбиеші болған. 1973-1986 жж. Сарқан қалалық депутаттары кеңесі төрағасының орынбасары болып 14 жыл, кейіннен он екі жыл Сарқан аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы болып қызмет атқарды. 1970-1982 жж. Иван Сергеевич Бабенко өзінің естелік кітабында Шолпан Қабдолдақызының қызметі жайлы жылы лебізін білдірген. (Судьба несгладимый след. Алматы. 2013 ж. 89-100 стр).

Күлшара Сейітқожанова Көксу ауданына қарасты Қызылбұлақ ауылында дүниеге келген. 17 жасынан бастап қызылшашы болып жұмыс істеген. 1943-1964 жылға дейін 20 жыл Көксу ауданы Амангелді Октябрь халық депутаттары кеңесінің төрайымы болып қызмет істеген. Жетісудың беделді, ел құрметіне бөленген арулардың бірі. Күлшара апамыздың еңбегі зор бағаланып, бірнеше рет облыстық, аудандық кеңесінің депутаты, аудандық партия комитетінің бюро мүшесі болып сайланған. Халық депутаттары атқару кеңесінің басшысы болып қызмет ету үлкен жауапкершілікті қажет ететін міндет. Біріншіден, басшы аруларадан ізеттілікті, білімділік пен біліктілікті талап етеді. Халықтың мұң-мұқтажына, әлеуметтік саяси жағдайларына барынша көмек жасау екінші міндет.

Әкімдік саласында еңбек еткен арулар

Біздің білікті, білімді Жетісудың арулары туралы қолда бар деректерге сүйеніп, қысқаша болса да әкімшілік саласында жұмыс істеген жандарды жаздық.

Ақсулық Зура Молдабаева 1992-1996 жылдары Талдықорған қаласының әкімі орынбасарының қызметін атқарған.

Жауынбаева Нұргүл Қызырбекқызы 1970 жылы Сарқан ауданы, Черкасск ауылында дүниеге келген. Өмір жолын облыстық халық шығармашылық орталығының әдіскері қызметінен бастаған. 1998-2002 жылдары Сарқан ауданы әкімінің орынбасары қызметін атқарған. 2015 жылдан бастап І. Жансүгіров әдеби музейінің меңгерушісі болды. Мәдениет және архив саласының білікті маманы.

Көксулық К. Шәмшиденова 1996-2002 жж. Талдықорған қаласы әкімінің орынбасары болған. Басқару жүйесінің талай түрлі сындарынан өткен маман.

О. Сердалина 1993-1997 жылдары аралығында Бөрлітөбе ауданы әкімінің орынбасары, 1997-2002 жылдары Ақсу ауданы әкімінің орынбасары болып абыройлы қызмет атқарған. Парасатты, білімді жан.

Арзанбекова Сәуле Аманбайқызы 1975 жылы Талдықорған қаласында туған. Еңбек жолын 2000 жылы Талдықорған қаласы әкімінің жалпы бөлім мамандығынан бастаған. 2018-2021 жылдары аралығында Талдықорған қаласы әкімінің идеология жөніндегі орынбасары болып қызмет атқарған. Облыс орталығы Талдықорған қаласының білім, мәдениет, ақпарат, өнер, денсаулық салаларын дамытуда өзіндік үлесін қосқан.

«Өткенді мақтар әр адам,
Білмеймін, өткен алтын ба?
Болмаса, мақтау өткенді,
Адамзаттың салты ма?
Жалғаны жоқ, адамнан,
Жаңаны мақтар санаулы.
Не дұрыс шығар, не теріс,
Әйтеуір, өткен ауылы» деген екен қазақтың біртуар ақыны Мағжан Жұмабаев. Өткенді еске алмасаң, болашағыңды болжай алмайтындығымыз анық қой.

Комсомол-басқару жүйесін дайындау мектебі

Мен Талдықорған өңірінің аудандық, қалалық комсомол комитетінің бірінші хатшыларын таңдап алдым. Екінші, үшінші хатшыларын жазсақ әңгіме ұзаққа созылып кететін сыңайлы.

Ғайникен Бибатырова 1957-1965 жылдары Алматы қаласының Фрунзе атындағы аудандық комсомол комитетінің бірінші және екінші хатшысы болып жұмыс істеген. Алматы қаласының комсомол комитетінің екінші, бірінші хатшысы және Алматы облыстық өнеркәсіп комсомол комитетінің хатшысы қызметін атқарған. Бұл кісінің беделі Алматы қаласы мен облыс жастары арасында өте жоғары болған.

Бижамал Рамазанова 1948-1951 жж. Қаратал аудандық және Талдықорған қалалық комсомол комитетінің бірінші хатшысы болып сайланған.

Мәдина Шарапиева 1951-1952 жылдары Киров аудандық комсомол комитетінің бірінші хатшысы болып қызмет еткен.

Көксулық Райымбекова Гүлнәр Шалбайқызы 1971-1981 жылдары аралығында Көксу аудандық комсомол комитетінің бірінші хатшысы болған.

Шығыс Қазақстандық М. Байқанова 1963-1965 жылдарында Талдықорған қалалық комсомол комитетінің бірінші басшысы болып сайланған.

К. Шәмшиденова 1981-1986 жж. Ескелді, Гвардия ауданының комсомол комитетінің бірінші хатшысы болып қызмет еткен.

А. Нұғысова 1957-1961 жылдары Ақсу аудандық комсомол комитетінің бірінші хатшысы болған.

З. Молдыбаева 1967-1974 жж. Ақсу ауданының екінші, бірінші хатшысы болып қызмет атқарған.

О. Сердалина 1974-1977 жылдары Бөрлітөбе аудандық комсомол комитетінің екінші, бірінші хатшысы болып жастарды басқарған.

Р. Кәрібжанова, 1975-1977 жж. Қапал аудандық комсомол комитетінің бірінші хатшысы болып жұмыс істеген.

Б. Рысбекова 1975-1983 жылдар аралығында Алакөл аудандық комсомол комитетінің бірінші басшысы болып сайланған.

Ләззат Сүлейменова 1986-1996 жылдары Ақсу аудандық комсомол комитетінің бірінші хатшысы болып сайланған. Осы Ақсу ауданы жастарының бірінші басшысы болып әр жылдары Бәтима Қазтаева, Қойшан Құдайбергенова, Қазилә Шоқпарбаева, Күнгали Балшықбаева, Қ.Дәулетбақова қызмет атқарған. Талдықорған өңірінен шыққан жастар басшылары, қазақ КСР жоғары кеңесінің және қазақ ҚР Парламенті Депутаты болып, халық атынан жұмыс жасауда осы жастардан талай белгілі ғалымдар, өнер, мәдениет қайраткерлері шықты. Айта берсек сөз көп, жүктей берсек мысал көп. Жетісудың ел басқарған арулары ұрпақтар сабақтастығы мен дәуір байланысының символы ретінде жас келіншектерге өшпес із қалдырғаны игілікті іс.

Сөзімді аяқтай келе, қазіргі жас ұрпақ - Талдықорған аймағынан шыққан арулардың кімнің, кім екенін түсінген шығар. Еліне, жеріне адал, абыройлы қызмет жасаған жер жәннаты Жетісудың аруларының ұрпақтары әже-апаларынан, әпкелерінен үлгі алындар демекпін. Ұлы хәкім Абай: «Сенде бір кірпіш дүниеге, кетігін тап та бар қалан» демекші, «Жаңа Қазақстанға» үлестеріңді қосыңдар демекпін.

Жетісудың қыз-келіншектері өткен Халықаралық 8 наурыз мейрамы құтты болсын. Ғұмырларыңыз ұзақ болсын, өнегелі ұрпақтарыңыз көбейе берсін, бақытты, табысты және бай қуатты болыңыздар.

Құлтай НҰРҚАЛБАЙҰЛЫ,
тарихшы, зейнеткер.
ТАЛДЫҚОРҒАН ҚАЛАСЫ

Алатау
Кабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ПРЕЗИДЕНТ

К. К. ТОКАЕВ ПРИНЯЛ ПРЕДСЕДАТЕЛЯ ВЫСШЕГО СУДЕБНОГО СОВЕТА

ГЛАВА ГОСУДАРСТВА ПРИНЯЛ ПРЕДСЕДАТЕЛЯ ВЫСШЕГО СУДЕБНОГО СОВЕТА ДЕНИСА ШИППА, ОБ ЭТОМ СООБЩАЕТСЯ НА ОФИЦИАЛЬНОМ САЙТЕ АКОРДЫ, - ПЕРЕДАЕТ NUR.KZ.

Президент был проинформирован об итогах деятельности Высшего судебного совета за 2021 год. В том числе о мерах по совершенствованию отбора судей, формированию судейского кадрового резерва и о состоянии дисциплинарной практики в отношении судей.

По словам Дениса Шиппа, деятельность Совета строится на принципах прозрачности и объективности, с широким применением современных HR-инструментов и активным привлечением представителей юридической общественности. При отборе судей осуществляется объективная оценка их профессиональных и личностных качеств, всесторонне изучается общественное мнение. При этом в 2021 году впервые за последние годы наблюдается превышение количества лиц, пополнивших судебную систему, по сравнению с судьями, покинувшими ее. Так, в судебный корпус впервые назначено 103 человека, а прекращены полномочия 90 судей.

Касым-Жомарту Токаеву также было доложено о перспективных направлениях работы, призванных обеспечить максимальное обновление судейских кадров и привлечение в судебную систему опытных специалистов. В рамках реализации законодательных новелл по вопросам отбора судей в этом году планируется проведение отдельного конкурса для узких специалистов на должности судей областных судов. В целях дальнейшего повышения прозрачности проводится работа по расширению участия представителей юридической общественности в деятельности Совета.

ОБРАЗОВАНИЕ

О ПРОДОЛЖИТЕЛЬНОСТИ ШКОЛЬНЫХ КАНИКУЛ

В МОН ответили на предложение сократить каникулы для школьников. В Министерстве образования сообщили, что продолжительность школьных каникул пока остается без изменений, передает корреспондент Tengrinews.kz.

Напомним, что ранее бизнесмен и основатель строительного холдинга Bi Group Айдын Рахимбаев предложил сократить в Казахстане продолжительность школьных каникул на четыре недели и за счет этого увеличить продолжительность учебного года до 38 недель. По его словам, продолжительность школьного года у нас меньше, чем в передовых странах Азии, что влияет на эффективность обучения. Бизнесмен также отметил, что в общеобразовательных школах BINOM, которые открываются рядом с ЖК компании, в рамках пилотного проекта и с одобрения Министерства образования учебный год будет продлен уже в этом году.

В Министерстве образования в ответ на запрос Tengrinews.kz сообщили, что учебный год в стране начинается 1 сентября и завершается 25 мая и это осталось без изменений.

«Ранее по итогам августовского совещания в 2021 году Министерством было поручено Национальной академии образования имени И. Алтынсарина провести ряд исследований относительно снижения нагрузки обучающихся, определения оптимальной продолжительности учебного года, преимуществ почасовой/окладной системы оплаты труда в организациях образования и обновления типовых учебных программ», — сообщила в своем ответе вице-министр МОН Шолпан Каринова.

По словам вице-министра, для принятия подобного решения и проведения пилотного проекта по сокращению каникул и продлению учебного года требуется завершение проводимых исследований. Все организации образования независимо от формы собственности обязаны соблюдать государственный общеобязательный стандарт. В министерстве также считают, что при внедрении новых проектов важен научный подход, подкрепленный доказательствами, и предварительное обсуждение.

АНТИКРИЗИСНЫЙ ОПЕРШТАБ

СОВЕЩАЛСЯ НЕСМОТРЯ НА ПРАЗДНИК

Антикризисный оперштаб совещался в Нур-Султане, несмотря на праздник. Заседание Оперативного штаба по антикризисным мерам прошло под председательством премьер-министра РК Алихана Смаилова. На нем рассмотрели вопросы в сфере таможни, передает ИА «NewTimes.kz».

Как сообщает primeminister.kz, о принимаемых мерах по развитию таможенно-логистической инфраструктуры доложил первый вице-министр финансов РК Марат Султангазиев.

По информации комитета государственных доходов министерства финансов, на сегодняшний день железнодорожные пункты пропуска «Алтынколь» и «Достық-Темиржол» на границе с КНР функционируют в штатном режиме.

«На текущий момент из пяти автодорожных пунктов пропуска 4 открыты и принимают грузы. Пункт пропуска "Калжат" на сегодня в связи с эпидемиологической ситуацией закрыт со стороны КНР. Стороны согласовывают точные даты возобновления деятельности "Калжат-Дулаты", - сообщил первый вице-министр финансов РК.

Правительством решен вопрос перевалки грузов внутри пункта пропуска «Нур-Жолы» из КНР в РК и упорядочивается электронная очередь. При этом в 2 раза снижается стоимость услуг перевозки.

В ходе совещания Премьер-Министр РК отметил необходимость оперативного реагирования на возникающие и возможные риски в связи с текущими реалиями.

ГЕНДЕР

ДЛЯ РАСШИРЕНИЯ ВОЗМОЖНОСТЕЙ ЖЕНЩИН

Надо сказать, что по источникам понятие «гендер» означает «род» (англ. gender, от лат. genus) т.е. это равные возможности и равные права женщин и мужчин. Это рассматривается в таком широком смысле. Иные понимают, что гендер - это просто стремление женщин к власти. В действительности можно сказать что, это широкая и актуальная проблема, где и вопросы мужчин, и вопросы женщин равенство обоих полов.

В период становления Казахстана как демократического государства были сформированы первые общественно-значимые структуры по вопросам женщин, материнства и детства. Казахстан присоединился к основополагающим документам ООН в области расширения и защиты прав и возможностей женщин.

На сегодняшний день в Казахстане сложилась целая система институциональных механизмов, предназначенных для защиты прав женщин и повышения их статуса. Эти механизмы постоянно развиваются, а их деятельность во всех сферах жизни становится все более действенной и эффективной.

Так, в соответствии со Стратегией "Казахстан-2050": новый политический курс состоявшегося государства" наша страна намерена использовать 15-20 - летнее "окно возможностей" для реализации пяти стратегических направлений: развитие человеческого капитала, совершенствование институциональной среды, становление наукоемкой экономики, формирование современной инфраструктуры и углубление международной интеграции.

Таким образом, в этих целях в 2014 году Правительством утверждена Концепция социального развития Республики Казахстан до 2030 года, направленная на создание условий для повышения качества и конкурентоспособности человеческого капитала, а также достижение высокого стандарта качества жизни для всех казахстанцев, в которой отражены стратегические задачи по реформированию социально-трудовых отношений, системы здравоохранения, образования и социальной защиты с отдельным фокусом на социальной поддержке материнства, детства и уязвимых групп семей.

В частности, по итогам третьего и четвертого периодических докладов о ходе выполнения положений Конвенции о ликвидации всех форм дискриминации в отношении женщин Комитетом ООН была дана положительная оценка созданию законодательной базы по вопросам равенства прав и возможностей для мужчин и женщин.

В связи с завершением реализации Гендерной стратегии возникли благоприятные возможности увязать новый этап государственной гендерной политики с международными трендами устойчивого развития, национальными стратегическими приоритетами и новыми принципами социальной политики.

Гульнур ДЖОЛДАСОВА,
судья Талдыкорганского городского суда.

НОВЫЙ КОДЕКС

ДЕНЕЖНОЕ ВЗЫСКАНИЕ !

К МЕРАМ ПРОЦЕССУАЛЬНОГО ПРИНУЖДЕНИЯ В СООТВЕТСТВИИ СО СТАТЬЕЙ 123 АДМИНИСТРАТИВНОГО ПРОЦЕДУРНО-ПРОЦЕССУАЛЬНОГО КОДЕКСА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН (ДАЛЕЕ - АППК), ОТНОСЯТСЯ: 1) ЗАМЕЧАНИЕ; 2) УДАЛЕНИЕ ИЗ ЗАЛА СУДЕБНОГО ЗАСЕДАНИЯ; 3) ДЕНЕЖНОЕ ВЗЫСКАНИЕ.

Новшеством является мера процессуального принуждения в виде денежного взыскания.

Так, денежное взыскание налагается на физическое, должностное лицо, юридическое лицо либо его представителя в размере от десяти до ста месячных расчетных показателей. О наложении денежного взыскания суд выносит определение, копия которого вручается лицу, на которое налагается денежное взыскание.

Рассмотрение вопроса о наложении денежного взыскания производится в судебном заседании с предварительным извещением лица, в отношении которого применяется мера принуждения.

Суд вправе наложить денежное взыскание на лицо, злоупотребляющее процессуальными правами или не выполняющее процессуальных обязанностей, в том числе в случаях представления доказательств, исполнения поручений с нарушением установленного судом срока без уважительных причин, если это привело к затягиванию рассмотрения административного дела, за каждое действие (бездействие) в размере десяти месячных расчетных показателей.

За невыполнение требования, запроса суда, неявку в суд лица, участвующего в административном деле, несвоевременное извещение суда, несвоевременное представление отзыва, неподчинение распоряжениям председательствующего в судебном заседании, нарушение установленных в суде правил, а также иные действия (бездействия), явно свидетельствующие о неуважении к суду и (или) судье, суд вправе наложить денежное взыскание в размере до двадцати месячных расчетных показателей.

За неисполнение решения суда, определения суда об утверждении соглашения сторон о примирении, медиации или об урегулировании спора в порядке партисипативной процедуры суд налагает денежное взыскание на ответчика в размере пятидесяти месячных расчетных показателей с указанием в этом же судебном акте срока, не превышающего одного месяца, в течение которого оно подлежит исполнению.

Уплата денежного взыскания осуществляется в течение пяти рабочих дней со дня вручения определения и оно взыскивается в доход республиканского бюджета.

Лицо, на которое наложено денежное взыскание, вправе обратиться в суд с ходатайством об освобождении его от уплаты или уменьшении размера денежного взыскания.

Заявление рассматривается в судебном заседании с вызовом заявителя.

При наложении денежного взыскания суд вправе отсрочить или рассрочить исполнение определения на срок до двух месяцев.

При неисполнении судебного акта или требования суда, суд вправе наложить на лицо повторное денежное взыскание в размере, увеличенном на десять месячных расчетных показателей.

Диляра ИЗБАИРОВА,
судья СМАС Алматинской области.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

СҰХБАТ

АЛДАҒЫ ЖОСПАРЫМЕН БӨЛІСТІ...

Күрестен Қазақстанның бірнеше дүркін чемпионы, халықаралық дәрежедегі спорт шебері, ұлттық құрама мүшесі, Күреңбел өлкесінің мақтанышы, жас спортшы Гүлмарал Еркебаевамен сұхбаттасудың сәті түсті.

– 2020 жылдың қаңтарында Ресейдің Красноярск қаласында өткен «Иван Ярыгин» турнирiне қатысып, жүлдегер болдыңыз. Кілемге бір жарым жыл үзілістен кейін оралып, ел чемпионатында топ жарғаныңызды білеміз. Осы уақыт ішінде немен айналыстыңыз, өзіңізді қалай дайындадыңыз?

– Бір жарым жыл үзіліс алуыма басты себеп – отбасылық жағдайға көңіл бөлдім. Оның үстіне індет болды. Ал ел чемпионатының алдында алты ай уақыт жаттығу жасадым, қарсыластарымды осыған дейін білсем де қайыра зерттедім. Жаңағы алты ай жаттығуда үш-төрт айда қалыпқа келдім. Бір айта кетерлігі, ел біріншілігіне ұлдармен бірге дайындалдым. Өйткені, салмағы кіші болсын, көп болсын ер бала қашанда қуатты, мықты. Соның да көмегі тиді. Жаттығудың басым көпшілігі Нұр-Сұлтан қаласында жеке бапкерім Қайрат Сағадиевтің нұсқауымен өтті.

– 2021 жылы желтоқсанда Нұр-Сұлтанда өткен ел чемпионатында 76 келіде чемпион атанғансыз. Финалда Олимпиада жүлдегері Эльмира Сыздықованы 8:6 есебімен жеңдіңіз. Жалпы сол чемпионатта қарсыластарыңызға бірінші қимыл жасауына мүмкіндік бересіз де, одан кейін қарқынға қарқын қосасыз. Арнайы жоспар ма, жоқ әлде ыңғай соған келді ме?

– Ел чемпионатының финалында Олимпиада жүлдегері Эльмира Сыздықовамен кездестім. Бұл біздің бірінші кездесуіміз емес. Осыған дейін таразыдай теңселіп бірде мен, бірде ол жеңіп жүрді. Бірақ кейінгі екі ел чемпионатында сәттілік те, жеңіс те менде болды. Бұл, әрине, жеке бапкерім Қайрат ағаның еңбегі деп білемін. Ол кісі кейінгі ел чемпионатында әйелдер күресінде жалпы он салмақ болса, соның бесеуінде Алматы облысының қыздары жеңімпаз болды. Бұл тікелей бапкердің жұмысы деп білемін.

– 2015 жылы Дохада, 2016 жылы Бангкокта, 2017 жылы Нью-Дели қаласында өткен Азия чемпионаттарында 75 келіде қола алдыңыз. Бұл нәтижеден кейін тасада жүрсіз, биыл көктемде Ұлан-Батырда болатын Азия чемпионатына кім қатысады, шешілді ме?

– Шыны керек, бұл сұраққа нақты жауап бере алмаймын. Дәл қазір басшылық жақта ауыс-түйіс орын алып жатыр, ал олардың кімді апарып, кімге сенетінін білмеймін. Дәл қазіргі сәтте ұлттық құрамаға кімдер келіп, кететіні де белгісіз.

– Жақында Қырғызстан елінде болып, әлемнің мықты балуаны саналатын Айсұлу Тыныбекова, өз салмағыңыздағы Айпері сынды балуандармен бірге жаттыққан болатынсыз. Осы туралы толық айтып өтсеңіз.

– Ашығын айтсам, олардың жаттығуларын көріп, тәнті болдым. Бір емес, екі әлем чемпионы шыққаннан кейін, олардың тәсілдері, жаттығуы қызық болды. Олар кеше ғана қатарға қосыла салып чемпион болған жоқ қой. Белгілі бір сатылардан өтті, мектеп қалыптастырды. Соның бәрін көргім келді. Қырғыз бапкері Нұрбек Изабеков бастапқыда үш қызды жетістікке жеткізді. Өздерін шыңдады. Шыны керек, оларда жоғары жақтан, басшылық тарапынан, жауапты адамдардан қысым болмайды. Өздерінің қойған нақты жұмыстарымен айналысады. Ал бізде бас бапкер әр Олимпиада сайын ауысады. Иек астындағы жарыстың алдында ауысқан бапкер өз теориясын ұсынады, сол арқылы жұмыс жүргізілі келеді. Ондай сәтте ой онға бөлініп, команда шашырап кетеді. Ал қырғыздар бір бағыт бойынша жұмыс істеп жатыр. Мәселен, бізде бір жаттығудың ұзақтығы бір-бір жарым сағат болса, оларда таңғы жаттығуының өзі үш-төрт сағат болады. Уақыттың қалай созылып кеткенін жаттығудың қызығымен жүріп аңғармай қаласың. Қатты шаршатып та тастамайды. Өзіме қатты ұнады. Мен барғанда жарыстардың жоқтығына байланысты оларда еркін форматта «үй жұмысы» бағытында жаттығулар жүргізілді.

– Мен білсем, Гүлмаралдың арманы – Олимпиада. Оған қатысу, жүлдегер болу. Осы мақсат жолында қалай еңбектеніп жатырсыз?

– Әрине, кез келген спортшының арманы олимпиада тұғырында тұру. Әуелі менің дәл қазіргі басты арманым – әлем чемпионы болу. Қыздар арасында жаһан біріншілігінде топ жарған қазақ қыздары жоқ. Осы жолда еңбектеніп жатырмын. Жаттығуларды жүйелі жоспарға енгізіп, кірісіп те кеттік.

– 2019 жылы Шымкентте өткен ел чемпионатын ұтқаныңызбен Нұр-Сұлтанда өткен Әлем чемпионатына қатыса алмадыңыз. Сол сәттегі көңіл-күйіңіз, өзіңді қалай ұстадыңыз?

– Дұрыс айтасыз, әдетте ел біріншілігі Азия, әлем чемпионаттарына іріктеу есебінде, құрамаға балуандарды жасақтау мақсатында өтеді. Бірақ бапкерлердің сүзгісінен өту үшін тек Қазақстан біріншілігін ұту аздық етеді. Әдісіне, кілемдегі қимылыңа қарайды. «Шетелдегі жарыстарда екеуіңді көреміз» деп Эльмира Сыздықова екеумізді таңдап алды. Әлем чемпионатының алдында үш-төрт жарысқа қатыстық. Бір турнирде Эльмирамен кездесіп, екі ұпайға есе жібердім. Содан бапкерлер Эльмираны таңдап алды.

– Күреске сізді алып келген не? Не үшін басқа спортты емес, күресті таңдадыңыз?

– Екі әпкем, төрт ағам бар. Ұлдардың арасында өскеннен кейін ерге тән мінез де болды (күліп). Солармен бірге доп қуалап ойнап жүріп-ақ спортпен айналыстым десе де болады. Өйткені, мектепте қандай спорттан үйірме болса, сонда қатыстым, қандай жарыс болса, ол баскетбол, футбол ма қарамай қатысып, жүлде алып жүрдім. Ал күресті ең алғаш үйреткен бапкерім Қарашоқыдағы (ред. Кербұлақ ауданына қарасты ауыл) Мәди Күреңбаев болды. Бастапқыда: «Ағаларым қалай қарайды, анам не дейді?» – деген уайым болса керек. «Домбыра үйірмесіне кеттім» деп арқама «рюкзагымды» асып алып, күнде барамын. Домбыра үйірмесінде 20 минут отырамын да, одан күреске қарай заулаймын. Солай тығылып барып жүрдім. Одан кейін ақырын-ақырын нәтижелер көрсете бастадым, содан 7 сыныпқа көшкен сәтте бапкерім Мәди аға Алматыдағы «Шаңырақ» спорт-интернатына түсіруге туған-туысты көндірді. 2008 жылы үлкен жарыстарға шыға бастадым, нәтижелер де тәуір болды.

– Гүлмаралға қанат бітірген бір ауыз сөз қандай? Болмаса кімнің, қандай ақылы әсер етті?

– Өмірде жолықтарған әр адамнан әртүрлі ой түйесің, барлығы әсер етеді. Күреспен айналысып жүргеніме 16 жылдың жүзі болды. Өмірге бейімделуге де ерекше ықпалын тигізді. Жалпы, спортшы тәртіппен жүріп-тұрып, өзін әр нәрсеге дайын болуға шыңдайды. Мен үшін спорт деген қысқа ғұмырда аз ғана сәт. Сол бір мезетті дұрыс әрі нәтижелі өткізіп келеді. Жеңсең де, жеңілсең де сын. Сондықтанда жеңіп тұрып даңдайсып кету, жеңіліп тұрып төмен құлау спортшыға әсер етпеуі керек деп білемін.

– Күрестен тыс уақытта қандай іспен айналысасыз?

– Бос уақытта, шынымды айтсам, күрестен басқа спорт түрлерімен айналысамын (жымиып). Жүзгенді ұнатамын. Және одан тыс кітап оқығанды ұнатамын, сурет саламын, арасында тіпті, өлең де шығарамын (күліп). Шыны керек, мен көп нәрсеге қызығамын және үнемі ізденіс үстінде жүргенді ұнатамын. Көңіл-күйіме байланысты әр іспен айналыса беремін.

– Сұхбатыңызға рақмет!

Сұхбаттасқан: Серік ҚАНТАЙ

ФУТБОЛ

АНДРЕЙ КАРПОВИЧ ҰЛТТЫҚ ҚҰРАМАНЫҢ ТІЗГІНІН ҰСТАДЫ



Футболдан Қазақстан ұлттық құрамасының бас бапкерінің міндетін атқарушы болып Андрей Карпович тағайындалды, деп хабарлайды kff.kz.

Қазақстан футбол федерациясының мәліметінше, Андрей Владимирович қазақстандық жанкүйерлерге жақсы таныс. Ол ұлттық құрамада ең көп матч (55) өткізген ойыншылардың бірі. Бірнеше рет капитан ретінде алаңға шыққан.

Карпович "Елім-ай", "Ертіс", "Қайрат", "Локомотив", "Ордабасы", "Шахтер", "Атырау", "Алтай", сондай-ақ, ресейлік "Ростсельмаш" және мәскеулік "Динамо" командаларында ойнаған.

Сондай-ақ, ол бапкерлік мансабын "Қайрат" футбол клубында бастап, одан кейін 2 жыл "Оқжетпес" командасын жаттықтырған. 2021 жылдан бері "Қызыл-Жардың" бас бапкері болған.

Енді Карпович жаттықтыратын ұлттық құрама 24 наурызда Молдова құрамасына қарсы кездесу өткізеді. Айта кетсек, Қазақстан футбол федерациясы басшылығының шешімімен бұған дейін ұлттық құраманың бас бапкері болған Талғат Байсуфиновтың өкілеттілігі мерзімінен бұрын тоқтатылған болатын.

Айта кетейік, Талғат Байсуфиновтың жетекшілігімен Қазақстан құрамасы 2022 жылғы әлем чемпионатының іріктеу кезеңі аясында Украинамен екі рет (1:1 және 2:2), сондай-ақ Босния және Герцеговинамен (2:2) тең дәрежеде ойнаған болатын.

Футбол федерациясы Талғат Маруаұлына атқарған қызметі үшін алғыс айтып, алдағы кәсіби мансабында табыс тіледі.

ЖҮЛДЕ

СПОРТТЫҚ ГИМНАСТИКАДАН ҚАЗАҚСТАН КОМАНДАСЫНЫҢ МҮШЕСІ НАРИМАН КУРБАНОВ ӘЛЕМ КУБОГІ КЕЗЕҢІНДЕ ҚАЛАЙ ЖЕҢІСКЕ ЖЕТКЕНІН АЙТЫП БЕРДІ, ДЕП ХАБАРЛАЙДЫ ҰЛТТЫҚ ОЛИМПИАДА КОМИТЕТІ.

«ТЕК АЛТЫН АЛАМЫН ДЕГЕН МАҚСАТ БОЛДЫ»



«Осы айда әлем кубогінің төрт кезеңіне қатысуды жоспарладым. Міне, екі аптада екі кубоктік бәсекеге қатысып үлгердім. Германияның Котбус қаласында өткен жарыста басты фавориттердің бірі болдым. Финалға да жақсы үлпаймен шықтым.

Бірақ шешуші сәтте дайындығым да, жүйкем де сыр берді. Оның үстіне, жаттығуды орындау кезінде қате жіберіп, медальдан айырылып қалдым. Сондықтан, Дохаға келіп, алтын алмай кетсем, өзімді кешірмейтін едім. Менде тек қана алтын аламын деген мақсат болды.

Іріктеуден бір деммен өтіп, финалда өзімнің соңғы үш айда дайындаған жаттығуымды көрсетіп шықтым. Енді алда тағы екі кезең бар. Сол жарыстарда өзімнің бар мүмкіндігімді көрсетуге тырысамын», – деді Нариман Курбанов.

Айта кетейік, бұған дейін спорттық гимнастикадан Қазақстан командасының мүшесі Нариман Курбановтың Катарда өткен әлем кубогінде жеңіске жеткені жазған болатынбыз.

Nur.kz сайтынан

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail. ru, www. alatau. kz@mail. ru

ДӘСТҮР

«ЖЕТІ АТА» ЖАЙЛЫ НЕ БІЛЕМІЗ?

Қазақ халқын өзге ұлттан даралап тұратын дәстүрдің бірі де бірегейі – жеті ата ұстанымы мен ұрпақ шежіресі. Жеті ата тәртібі туыстық, ағайындық бірлікті, ынтымақты арттырады. Бастысы, батыс ғалымдары енді ғана дәлелдеп жатқан қан тазалығының кепілі бола алады. Ертеде балаға 7-9 жасынан бастап ата тегін үйрету міндетті болған.

Халқымыздың «жеті ата» туралы, оның мәні жайлы білмейтін қазақ сирек болар. Менің де біршама мағлұмат түсінігім бар. Әйтсе де, азын-аулақ білгенімді ортаға салып көсемсігім келмейді, неге десеңіз, оның бәрін қайын атамнан үйренгендерім. Ол кісіден асырып бәрібір айта алмас едім. Сондықтан «жеті ата» жөнінде атаның өзі айтқан әңгімеге назар аударыңыздар:

– Халқымыздың ертедегі дәстүрі бойынша әрбір қазақ өзінен бастап жеті атасына дейін жетік білуі міндетті еді. Ата-ана мұны баласының тілі шыққан соң үйретуі парыз саналып, отбасылық тәлім-тәрбиенің әліппесі, негізі болған. Тек ата-анасынан ерте айырылған жетімдер мұндай тәлімнен құр қалған. «Жеті атасын білмеген – жетімдіктің салдары» деген осындайларға қарата айтылған. Ал әке-шешесі бола тұрып жеті атасын айта алмайтындарды «жеті атасын білмеген – жетесіздік» деп айыптаған. Әрбір қазақ жеті атасының өмір жолын білу арқылы кем дегенде екі ғасырлық мағлұмат алады, ұрпақ жалғастығының ізі, сүрлеуі сақталады. «Жеті атасын білген ер жеті жұрттың қамын жер», «Жеті атасын білген ұл жеті рулы елді билер» дегеннің мәні – тамыры үзілмеген бауырластық, қандастық қасиетін айтқанында.

«Жеті атаның» өз атаулары бар. Төменнен жоғары қарай – бала, әке, ата, баба, арғы ата, түп ата, тек ата деп аталады. Ал жоғарыдан төмен қарай – әке, бала, немере, шөбере, шөпшек, немене, туажат. Ары қарай жүрежат, жекжат, жұрағат, қаймана деп кете береді. Қазақта туыстықтың шегі жоғарыдағы «жеті атамен» аяқталады. Мұның да өз жөн-жобалары бар. Жеті атаға толған соң «жеті атаға толыстық, жеке ел болыстық» деп жар салып, жеті жұрттың белгілі адамдарын куәлікке арнап шақырады. Құдайыға боз бие сойылып, қанына қолдарын малып, «араларымыз алыстамасын, бұрынғы бауырлардай тату-бірлікте болайық» деп баталасады. Ала арқан кесіледі. Ұраны мен ен-таңбасы белгіленеді. Осылай «ендігі жерде құдалыққа жол ашық» делінеді. Алайда, қалай айтсақ та, қазақтың тарихи жады, санасы біржола жойылмай, қандасты, бауырластықты ұзағырақ сақтап ардақтайды, құрметтейді. Мен сіздерге нақты мысал айтайын. Біз былай тараламыз – Дулат, Шымыр, Бекболат, Шілменбет, Құли, Амалдық, Алдаберген, Баубек, Үсен, Әжі, Бақтияр, Әділ, Имаш, Момыш, Бауыржан, Бақытжан, Ержан. Дулат бабамнан Ержанға дейін он бір ата, білақ Құлилар әлі қыз алыспай бауыр-туыс болып жүр.

Қазақ салтында жеті атаға толмай тұрып құдандалы болу, ерлі-зайыпты болу тұқымбұзушылық, қан аздырушылық болып қатаң жазаланған. «Шариғат жолы ерік берді екен» деп ұлттық қасиетін, дәстүрін аттап өтіп, ғашықтық сезімі жеңген Қалқаман-Мамыр, Еңлік-Кебектердің жазаға тартылуы қатал болғанымен, кейінгі індеттей жайылмаудың жолы болатын.

Қазақтың «жеті аталық» дәстүрін қазір ғылым да толық мойындады. Бір кезде «оқымаған», «қараңғы», «надан» деп айдар тағылған қазақтың ақылына, ой-өрісінің биіктігіне бүгінде ғалымдар таңғалып отыр. Неге? Өйткені жеті атаға толғанша қан сәйкестігі сақталып, сегізіншіге жеткенде сол қан сәйкестігі жойылады екен. Ал қандастық, қан тазалығын сақтауды ата-бабам баяғыдан-ақ білген ғой. Ғылым оны енді дәлелдеп отыр. Сөздің қысқасы, «жеті аталық» дәстүрді туыстық мейірімнің ұзақ уақыт жалғасатын тірлігі мен бірлігін бұзбауға, тұқымды пәк сақтауға жасалған ереже-заңы деуге болады. Бұл аталас адамдар арасындағы ар-ұятты, адамгершілікті адал ұстаудың тұрақты жолы екенін көрсетеді, – деп еді ата.

Зейнеп АХМЕТОВА
«Күретамыр» кітабынан үзінді

КӨКТЕМДІК ТРЕНД

ҚАНДАЙ КИІМДЕР СӘНДЕ БОЛАДЫ?

Көктемде тезірек ауыр күрткені шешіп, орнына шағын әрі жеңіл киім кигіміз келеді. Оған қоса, маусымаралық сыртқы киімдер қысқыға қарағанда әртүрлілігімен ерекшеленеді. Ендеше, көктемде қандай сыртқы киімдер сәнде болады?

Oversize бомбер

Көктемде гардеробтағы бомбер күртке сәнде болады. Оның классикалық «мектеп» бомбері де, заманауи үлгілері де трендке айналмақ. Стилистер кең тұратын ашық түсті бомберді көйлекпен немесе қысқа белдемшемен және қонышы ұзын етікпен үйлестіруді ұсынады. Бомберді джинс шалбармен және кедымен немесе дөрекі кроссовкамен киюге де болады.

Түрлі-түсті тон

Түрлі-түсті сыртқы киім – осы көктемнің негізгі трендтерінің бірі. Стилистер күнделікті киім үлгісіне тек жұмсақ немесе қою түстерді пайдаланбай, қанық түрлі-түсті киімдер киюді ұсынады. Әсіресе, жасыл, күлгін, қызыл және көк түстерге мән беріңіз.

Флис күртке

Бұл мерзімде хюгге скандинавиялық стилі өзінің сән ережелерін ұсынуда. Флистен тігілген күртке – көктемде стильді көрінумен қатар өзін жайлы сезінгісі келетіндер үшін керемет шешім. Мұндай күрткенің ақшыл-сарғыш реңктегі қысқа түрлері трендке айналуда. Оны ашық түсті шалбармен және ақ кроссовкамен үйлестіруге болады.

Былғары плащ

Былғары плащқа деген тренд қайтадан оралды. Оның кең тұратын қара әрі қоңыр түстері сәнде болады.

Шакет

Үлкен жапсырма қалталары бар жылы жейделер бірнеше жыл қатарынан сәнде келе жатыр. Олар базалық водолазкалармен де, қарапайым футболкалармен де үйлесе береді. Мұндай жейдені басқа киімдермен үйлестіру оңай болуы үшін әрі стильді көріну үшін оның торлы немесе жолақты түріне мән беріңіз.

Винтаж былғары күртке

Осы мерзімде табиғи былғарыдан жасалған күрткелер сәнде болады. Оның ескірген секілді немесе қызықты винтажды деталі бар және міндетті түрде кең тұратын түрлеріне мән берген жөн.

Шашағы бар күртке

Шашақ – келе жатқан мерзімнің басты трендтерінің бірі. Сондықтан да стилистер шашағы бар сыртқы киімге мән беруді ұсынды. Әсіресе, түрлі түсті шашағы бар жылы күрткелер сұраныста болады. Киім үлгісі одан да қызық болуы үшін тебіскі қалпақ пен винтажды көзілдірік киіңіз.

Жылы жакет

Жакет базалық гардеробтың ажырамас бөлігіне айналды. Оның ұзын және кең тұратын түрлерін көпқабатты киім үлгісінің бір бөлігі ретінде пайдалануға болады. Осы мерзімде иық төсеніші бар ашық біртүсті жакет таңдауға болады. Мұндай үлгідегі жакет дене пішініне дұрыс пропорция сыйлайды. Принттері бар классикалық жакеттер де трендте қалады.

Былғары пиджак

Табиғи және эко-былғарыдан тігілген киімдер бұл көктемде де өзінің өзектігін жоғалтпайды. Стильді көріну үшін сыртқы қабат ретінде жылы былғары пиджак пайдалануға болады. Мұндай пиджак спорттық және классикалық киім үлгісіне де жараса береді. Оның қара және қоңыр түстері сәнде болады.

Классикалық тренч

Базалық гардеробтың негізгі элементі – ұзын классикалық тренч. Оның ақшыл-сарғыш түсті оверсайз үлгілері де, басқа да қанық түсті түрлері де сәнде болады. Классикалық тренчті де классикалық және спорттық киімдермен үйлестіре беруге болады.

ПАЙДАЛЫ КЕҢЕС

СІРКЕ СУЫНЫҢ КЕРЕМЕТІ

Сірке суы көп жағдайда қауіпті. Бірақ ебін тауып, дұрыс мақсатта қолданса, біраз нәрседе пайдасы бар. Салат, торт секілді түрлі тағамдарға қосуға болады. Дене күтіміне де пайдалансаңыз, әсерін бірден көресіз. Ал үй тұрмысында қандай пайдасы бар екен?

Тұрмыс техникасын қақтан тазалау

Ыдыс жуғыш не кір жуғыш машина қаққа толып қалса, алаңдамаңыз. Оны 1-2 стақан сірке суы тазалай алады. Бар жоғы машинаны бос күйінде іске қосыңыз да, 3-4 минуттан соң, 2 стақан сірке суын жуғыш ұнтақ салатын жерге құйып жіберіңіз. Бұл әдіспен тек қақты тазалап қана қоймай, 2 аптада бір рет тазалық үшін жасап тұруға болады.

Гүлдердің өмірін ұзарту үшін

Туған күніңізге сыйға тартқан гүл шоғының сізге ұзақ қызмет еткенін қаласаңыз, құмыраға 2 ас қасық сірке суы мен 3 ас қасық қантты жылы сумен араластырыңыз да, сол қоспаға гүлді ортасына дейін батырып қойыңыз.

Кеуіп кеткен дақтарды кетіру үшін

1 ас қасық ыдыс жуатын сұйықтық пен 1 ас қасық сірке суын және 2 стақан жылы суды араластырыңыз. Қоспамен кеуіп кеткен дақтарды сүртіңіз.

Көлік терезесі қыстыгүні қатып қалмас үшін

Қыстыгүні көлік терезесінің қырауланып қатып қалуы заңды. Оны еріту үшін жылы суға 3-тің бірге қатынасындай етіп сірке суын қосып, терезені сүртіп шығыңыз.

Құбырға жиналған қоқыстарды жою үшін

Ас содасы, сірке суы мен жылы судың қоспасы құбырда тұрып қалған қоқыстарды да жоя алады. Ол үшін суағарға жарты стақан ас содасын сеуіп, үстіне бір стақан сірке суын құйыңыз және сондай көлемде ыстық су құйып жіберіңіз. 20 минуттан соң, ағып тұрған таза сумен шайып жіберіңіз.

Көгерген тұстарды кетіру үшін

Таза сірке суы үйдің қабырғасындағы көгерген тұстарды кетіре алады. Ол үшін көгерген жерді сірке суымен дымқылдаңыз. Сәлден соң, қатты матамен ысқылап сүртіңіз. Бұл әдіс көгергенді кетіріп, ендігіде қабырғаның көгермеуіне септігін тигізеді.

Микробтарға қарсы экологиялық құрал

Асүйдегі микробтарды кетіруге бір де бір қатынаста мөлшерленген сірке суы мен жылы судың қауқары жетеді. Осы қоспамен асүй жабдықтарын аптасына 1-2 рет сүртіп тұрсаңыз, балаларды да, өзіңізді де микробтардан қорғайсыз. Бұл қоспамен қысқатолқынды пешті, турайтын тақтайшаларды тазалауға болады.

Бақты арамшөптерден тазарту

25 пайыздық сірке суы бақ ішіндегі арамшөптерді тазалай алады. Ол үшін сол арамшөптердің үстіне сірке суын тамызып шығыңыз. Жақсы нәтиже көрсетпейінше, бұл әдісті қайталай беріңіз.

Аквариумды шөгіндіден қорғайды

Сірке суы мен су аквариумды әкті және тұзды түзілімдерден, шөгінділерден тазартады. Ол үшін аквариумды әр тазалаған сайын қабырғаларын осы қоспамен сүртіп отырған абзал. Бұл әдіспен электр шәйнектері мен кофе қайнатқышты, пешті тазалап тұруға болады.

Жағымсыз иістерді жою үшін

Тоңазытқыш не қысқатолқынды пештің ішіндегі жағымсыз иісті осы сірке суы мен қарапайым судың қоспасы тез кетіреді. Оған қоса үйдегі жануарлардың иістерін де жояды. Ол үшін еденді және үй жануары отырған (жүрген) жерлерді сірке суы қосылған сумен сүртіп шығыңыз.

Тағы да

• Шүберекті сірке суына батырып алып, былғары сөмке, күрте не аяқ киімді сүртсеңіз, жаңадан сатып алғандай көрінеді.

• Кір жуғыш машинасына кір киімді салмас бұрын 10 минут сірке суы қосылған салқын суға салып қойсаңыз, киім өңін жоғалтпайды. Әрі жарты стақан сірке суы киімдегі электрлік қасиетін жояды.

• Мысық сірке суын ұнатпайды. Егер ол үй ішінде басқа жерге отырып кете берсе, сол тұсты сірке суымен сүртсеңіз, мысығыңыз ол жерге енді бармайды.

• Кей үй ханымдары жануарларын жылтырап тұруы үшін және паразиттерді қуу үшін үстіне сірке суын шашып қояды.

massaget.kz сайтынан алынды.

Құрылтайшы "АЛМАТЫ-БОЛАШАҚ" АҚ

Баспахана директоры Бақберген ТҮКІБАЕВ

Бас редактор Айтақын БҰЛҒАҚОВ

Редакция алқасы:
Сарби ӘЙТЕНОВА – редактордың орынбасары
Арайлым НҰРЖАПАР – тілші

Кезекші редактор: А. НҰРЖАПАР.

Алатау

Газет Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінде 2007 жылғы 27 тамызда тіркеліп, № 8639-Г куәлігі берілген.

Газет аптасына бір рет, жұма күні шығады. Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты.

Газет Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32 үйде "Алматы-Болашақ" АҚ филиалы "Офсет" баспаханасында басылады.

Редакция мекенжайы: 040000, Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32-үй, екінші қабат.

Телефондары: 8(7282) 41-11-70, 41-11-42;
E-mail: alatau_offset@mail. ru, www.alatau.kz@mail. ru
Сайты: alatau_gazeti

Газет 07.08.2000 жылдан бастап шығады.

Таралымы 2500
Тапсырыс № 239
Индекс 15534